

ISSN (print) 3005-6209

ISSN (online) 3005-6217

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh national pedagogical university

# ХАБАРШЫ

«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы

Серия «Естественно-географические науки»

Series of «Natural-geographical sciences»

№4(78), 2023

Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh national pedagogical university**

# **ХАБАРШЫ**

**«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы  
Серия «Естественно-географические науки»  
Series of «Natural-geographical sciences»  
№4(78)**

**Алматы, 2023**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ХАБАРШЫ**  
«Жаратылыстану–география ғылымдары» сериясы  
№4(78), 2023 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2001 ж. бастап шығады

**Бас редактор:**  
х.г.к., Жер туралы г.д., проф.  
**Х.Н. Жанбеков**

**Редакция алқасы:**  
**Бас редактордың орынбасары:**  
г.г.д., проф. **К.Д. Каймулдинова**  
**Ғылыми редакторлар:**  
пед.г.д., проф. **Ж.Ә. Шоқыбаев,**  
биол.г.д., проф. **З.Б. Тұңғышбаева,**  
г.г.д., проф. **Б.Ш. Абдиманатов**

**Жауапты хатшылар:**  
пед.г.магистрі **А.Ж. Утемисова**  
**PhD докторы И.Қ. Райымбекова**  
**PhD докторы Т.М. Секерова**

**Редакциялық алқа мүшелері:**  
х.г.д., проф., ҚР ҰҒА академигі  
**Е.Ә. Бектуров,**  
х.г.д., проф. **С.Р. Конуспаев,**  
пед.г.д., проф. **Н.К. Ахметов,**  
биол.г.д., проф. **А.П. Богоявленский,**  
х.г.д., проф. **Н.А. Бектенов,**  
пед.г.д., проф. **А.А. Саипов,**  
биол.г.д., проф. **Б.М. Дженбаев**  
(Қырғызстан),  
пед.г.к., доцент **С.П. Анзорова** (Ресей),  
пед.г.д., проф. **Ю.Ю. Гавронская** (Ресей),  
пед.г.д., проф. **С.В. Суматохин** (Ресей),  
х.г.д., проф. **Д.Ю. Мурзин** (Финляндия),  
геогр.г.д., проф. **Бургхард Мейер**  
(Германия),  
**PhD докторы Давид Лорант** (Венгрия),  
**PhD, проф. Эмин Атасой** (Түркия),  
**PhD, проф. Козак Метин Акоглан** (Түркия)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2023

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N10110 – Ж

Басуға 29.12.2023 қол қойылды.  
Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 19,8 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 119.

**2020 жылдан бастап Қазақстандық дәйексөз қорының импакт-факторы – 0,008**

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**М а з м ұ н ы**  
**С о д е р ж а н и е**  
**Content**

**ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ, БИОЛОГИИ, ГЕОГРАФИИ И ЭКОЛОГИИ**  
**METHODS OF TEACHING CHEMISTRY, BIOLOGY, GEOGRAPHY AND ECOLOGY**

- Айсары А.О., Боранкулова Д.М., Мусахан М.Р.** Қазақстанның табиғи кешендерін оқытуда далалық зерттеу әдістерін қолдану..... 5  
**Aisary A.O., Borankulova D.M., Mussakhan M.R.** Methodology for using field research methods in teaching natural complexes of Kazakhstan
- Кенжебаева М.С., Абдиманатов Б.Ш., Исмаилов А.М.** Географиялық білім берудің аймақтық мазмұнында педагогикалық технологияларды пайдалану мәселелері..... 16  
**Kenzhebeyeva M., Abdimanapov B., Ismailov A.** Problems of using pedagogical technologies in regional content of geographical education
- Тұңғышбаева З.Б., Абибаева А.А., Түлегенова Г.У., Токтамысова А.Б.** Болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру..... 26  
**Tungyshbaeva Z., Abibaeva A., Tulegenova G., Toktamysova A.** Formation of information and communication competence of future biology teachers
- Рақымқан А.Қ., Атанбаева Г.К., Бабашев А.М.** Оқушыларға “ойын негізінде оқыту” және “цифрлық әңгімелеу” әдістерін қолдана отырып білім сапасын анықтау ..... 38  
**Rakhimkan A., Atanbayeva G., Babashev A.** Determining the quality of education for students using the methods of “game-based learning” and “digital storytelling
- Оразбек А., Аманбаева М.Б.** Білім алушылардың зерттеу білімдерін жетілдіру үшін биология сабағында жоба әдістерін пайдалану..... 45  
**Orazbek A., Amanbayeva M.** Using project methos at the biology lessons to improve students research skills
- Маратқызы Н., Унербаева З.О., Кулумбетова О.К., Каумбаев С.А.** Танымдық химиялық есептер шығарудың теориялық негіздері ..... 55  
**Maratkyzy N., Unerbaeva Z., Kulumbetova O., Kaumbaev S.** Theoretical foundations of cognitive tasks in teaching chemistry
- Мизамбай Р.С., Нурахметова А.Р., Айсарова Т.А.** Эффективность применения платформы WORDWALL в изучении химии химии в школе..... 67  
**Mizambay R., Nurakhmetova A., Aisarova T.** The effectiveness of the WORDWALL platform in the study of chemistry at school
- Оспанова А.А., Аубакирова Г.Б., Дюрягина А.Н.** «Жалпы химия» пәнін химиялық емес мамандықтардың ерекшеліктеріне сәйкес оқыту..... 75

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК  
Серия  
«Естественно-географические науки»  
№4(78), 2023 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:  
к.х.н., д.н. о Земле, проф. Жанбеков Х.Н.

Редакционная коллегия:  
Зам. главного редактора:  
д.г.н., проф. Каймулдинова К.Д.  
Научные редакторы:  
д.пед.н., проф. Шоқыбаев Ж.А.,  
д.биол.н., проф. Тунгышбаева З.Б.,  
д.г.н., проф. Абдиманапов Б.Ш.

Ответственные секретари:  
магистр пед.н. Утемисова А.Ж.  
доктор PhD Райымбекова И.К.  
доктор PhD Секерова Т.М.

Члены редколлегии:  
д.х.н., проф., академик НАН РК  
Бектуров Е.Ә.,  
д.х.н., проф. Конуспаев С.Р.,  
д.пед.н., проф. Ахметов Н.К.,  
д.биол.н., проф. Богоявленский А.П.,  
д.х.н., проф. Бектенов Н.А.,  
д.пед.н., проф. Саипов А.А.,  
д.биол.н., проф.  
Дженбаев Б.М. (Кыргызстан),  
пед.г.д., проф. Гавронская Ю.Ю. (Ресей),  
д.пед.н., проф. Андреева Н.Д. (Россия),  
д.пед.н., проф. Суматохин С.В. (Россия),  
д.х.н., проф. Мурзин Д.Ю. (Финляндия),  
д.геогр.н., проф.  
Мейер Бургхард (Германия),  
доктор PhD Лорант Давид (Венгрия),  
PhD, проф. Атасой Эмин (Туркия),  
PhD, проф. Акоглан Козак Метин (Туркия)

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2023

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. N10110 – Ж

Подписано в печать 29.12.2023.  
Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Объем 19,8 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 119.

за 2020 год индексируемый КазБЦ имеет  
импакт-фактор – 0,008  
050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.  
КазНПУ им. Абая  
Издательство «Ұлагат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

**Ospanova A., Aubakirova G., Dyuryagina A.** Studying the discipline of general chemistry in connection with the specifications of non-chemical specialities

**Даулеткереева А.Е., Унербаева З.О., Рахметова А.К.** Химия пәнінен педагог мамандардың пәндік құзыреттілігін қалыптастыру..... 84

**Dauletkereyeva A., Unerbaeva Z., Rahmetova A.** Formation of subject competence of teacher specialists of chemistry

**Уралова А.С., Бектенов Н.А., Шадин Н.А.** ЖОО-да гетероциклдер негізіндегі биологиялық активті заттар туралы білімнің қажеттілігі..... 95

**Уралова А.С., Бектенов Н.А., Шадин Н.А.,** The need for knowledge about biologically active substances based on heterocycles in universities

**Кулумбетова О.К., Қаражанова Д.А., Торсықбаева Б.Б.** ЖОО білімалушылары арасында білім алу деңгейін бағалау үшін функционалдық сауаттылық тапсырмаларын қолдану..... 104

**Kulumbetova O., Karazhanova D., Torsykbayeva B.** The use of functional literacy tasks to assess the level of education among university students

#### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ И ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК ACTUAL PROBLEMS OF NATURAL AND GEOGRAPHICAL SCIENCES

**Келинбаева Р., Айдын Ш.** Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желісінің аумақтық дамуының ерекшеліктері..... 111

**Kelinbayeva R., Aidyn Sh.** Features of the territorial development of the telecommunications network in the Republic of Kazakhstan

**Бұхарбаева Ж.М., Ерназарова Г.И.** Су өсімдіктерінің морфологиялық ерекшелігіне мұнай әсерін зерттеу..... 122

**Bukharbayeva Zh., Ernazarova G.** Studying the influence of oil on the morphological features of aquatic plants

**Райымқұлова М.Қ., Бектас Ж.С., Джамбаев М.Т.** Наубайхана ашытқысының құрамындағы биологиялық белсенді қосылыстарды зерттеу..... 129

**Raiymkulova M., Bektas J., Jambayev M.** Study of biologically active substances in baker's yeast

**Чинибаева Н.С., Нурахметова А.Р., Бакибаев А.А.** Сутегі асқын тотығының полимерлі-металдық комплекстермен ыдырауының модельдік реакциясы..... 141

**Chinibayeva N., Nurakhmetova A., Bakibaev A.** Model reaction of hydrogen peroxide decomposition by polymer with metal complexes

#### МЕРЕЙТОЙМЕН ҚҰТТЫҚТАУ

**Г.И. Мейірова - 70 жаста**..... 151

**Авторлар туралы мәліметтер**..... 154

**Сведения об авторах**

**Information about the authors**

**Abai Kazakh National Pedagogical  
University**

**BULLETIN**  
**Series of «Natural-geographical sciences»**  
**№4(78), 2023.**

Periodicity – 4 numbers in a year  
Publishing from 2001.

**Editor-in-Chief**  
*c.chem.s., d.n. Earth, prof. H. Zhanbekov*

**Deputy Editor-in-Chief:**  
*deputy Editor-in-Chief, d.geog.s., prof.*  
**K. Kaimuldinova**

**Scientific editors:**  
*d.ped.s., prof. Zh. Shokybaev,*  
*d.biolg.s., prof. Z. Tungyshbayeva,*  
*d.geog.s., prof. B. Abdymanapov*

**Responsible editorial secretary:**  
*Master ped.s A. Utemissova*  
*doctor PhD I. Raiymbekova*  
*doctor PhD T. Sekerova*

**Editorial board:**  
*d.chem.s., prof., academician of NAS RK*  
**E. Bekturov,**  
*d.chem.s., prof. S. Konuspaev,*  
*d.ped.s., prof. N. Akhmetov,*  
*d.biol.s., prof. A. Bogoyavlensky,*  
*d.ped.s., prof. N. Bektenov,*  
*d.ped.s., prof. A. Saipov,*  
*d.biol.s., prof. B. Jenbaev (Kyrgyzstan),*  
*d.ped.s., prof. Yu. Gavronskaya (Russia),*  
*d.ped.s., prof. N. Andreeva (Russia),*  
*d.ped.s., prof. S. Sumatohin (Russia),*  
*d.chem.s., prof. D. Murzin (Finland),*  
*d.geogr.s., prof. Meyer Burkhard (Germany),*  
*doctor PhD David Lorant (Hungary),*  
*PhD, prof. Emin Atasoy (Turkey),*  
*PhD, prof. Metin Kozak (Turkey)*

© Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2023

The journal is registered by the  
Ministry of Culture and Information RK  
8 May 2009, N10110 – Ж

Signed to print 29.12.2023.  
Format 60x84 1/8. Volume – 19,8  
publ. literature.  
Edition 300 num. Order 119.

**For 2020 KazBC has  
Impact-factor of 0,008**

050010, Almaty, Dostyk ave., 13  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

Publishing house «Ulagat»  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

**ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ  
ЭКОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ, БИОЛОГИИ,  
ГЕОГРАФИИ И ЭКОЛОГИИ  
METHODS OF TEACHING CHEMISTRY, BIOLOGY,  
GEOGRAPHY AND ECOLOGY**

ӘОЖ 373.51  
ГТАМР 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2023.78.4.001>

*А.О. Айсары\**, Д.М. Боранкулова, М.Р. Мусахан

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒИ КЕШЕНДЕРІН ОҚЫТУДА ДАЛАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

*Аңдатпа*

Мақалада білім беру жүйесіндегі табиғи кешен туралы білімді қалыптастыру мәселелерін шешудің құралдары мен жолдары қарастырылған. Прогрессивті ой-пікірлер әрқашан жеке тұлғаны қалыптастырудағы табиғаттың рөлін жоғары бағалады, адамның бүкіл рухани өмірі табиғатпен байланысты екенін дәлелдеді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты-физикалық география бөлімін игеру аясында даладағы табиғи кешендер туралы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының теориялық білімдерін қалыптастыру және жүзеге асыруды зерттеу.

Географияны оқытуда табиғи кешендерді далалық зерттеу әдістерін қолдану мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары талданды. Табиғи кешендерді оқытуда далалық зерттеу әдістерін қолданудың өзекті мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, оқытудың сандық әдістері қолданылды. Қарастырылған мәселелердің шешімдері және қолданылған әдістер оқушылардың танымдық қабілетін дамытып қана қоймай география пәніне деген қызығушылығын арттырып, зерттеу дағдылары мен іс-әрекеттерін далалық жағдайда орындау мүмкіндіктеріне талдау жасалынды. Табиғи-аумақтық кешендерді мектеп бағдарламасында далалық жағдайларда оқыту оқушылардың қоршаған ортамен тығыз маңызды қатынастары арқылы жүзеге асыратындығына назар аудару қажет.

**Кілт сөздер:** географиялық оқыту әдістемесі, далалық жұмыстар, табиғи кешендер, зерттеу дағдысы, танымдық іс-әрекет.

*Айсары А.О. \*, Боранкулова Д.М., Мусахан М.Р.*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДОВ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБУЧЕНИИ  
ПРИРОДНЫХ КОМПЛЕКСОВ КАЗАХСТАНА**

*Аннотация*

В статье рассмотрены инструменты и пути решения проблем формирования знаний оприродном комплексев системе образования. Прогрессивная мысль всегда высоко ценила роль природы в формировании личности, доказывала, что вся духовная жизнь человека связана с природой. Основная цель исследовательской работы - изучение сформированности и реализации теоретических знаний учащихся общеобразовательных школ о природных комплексах в полевых условиях в рамках освоения раздела физическая география. Были проанализированы

научные работы отечественных и зарубежных ученых по вопросам применения методов полевых исследований природных комплексов в обучении географии.

Рассмотрены актуальные вопросы использования методов полевых исследований в преподавании природных комплексов. Кроме того, были применены цифровые методы обучения. Решения рассматриваемых проблем и применяемые методы не только развивают познавательные способности учащихся, но и повышают их интерес к географии, а также дают анализ их исследовательских навыков и возможностей выполнения действий в полевых условиях. Необходимо обратить внимание на то, что обучение природно-территориальных комплексов в школьной программе в полевых условиях осуществляется учащимися через тесные значимые отношения с окружающей средой.

**Ключевые слова:** методика преподавания географии, полевая работа, природный комплекс, исследовательское умение, познавательная деятельность.

*Aisary A. \*, Borankulova D., Mussakhan M.*

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **METHODOLOGY FOR USING FIELD RESEARCH METHODS IN TEACHING NATURAL COMPLEXES OF KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

The article discusses the tools and ways to solve the problem so knowledge formation about the natural complex in the education system. Progressive though that always highly appreciated the role of nature in the formation of personality, proved that the whole spiritual life of a person is connected with nature. The main purpose of the research work is to study the formation and implementation of the theoretical knowledge of secondary school students about natural complexes in the field as part of the development of the physical geography section. The scientific works of domestic and foreign scientists on the application of field research methods of natural complexes in teaching geography were analyzed. The current issues of using field research methods in teaching natural complexes are considered. In addition, digital learning methods have been applied.

The solutions to the problems under consideration and the methods used not only develop the cognitive abilities of students, but also increase the interest in geography, as well as provide an analysis of their research skills and opportunities for performance in the field. It is necessary to pay attention to the fact that the teaching of natural and territorial complexes in the school curriculum in the field is carried out by students through close meaningful relationships with the environment.

**Keywords:** methods of teaching geography, field work, natural complex, research skills, cognitive activity.

**Кіріспе.** Табиғи кешендерді оқыту географияда оқушылардың танымдық, зерттеушілік іс-әрекеттерін белсендірудің ең маңызды педагогикалық құралы болып табылады. Оған мысал: мұғалім қоршаған орта ортаны оқыту барысында көркем әдебиет, мерзімдік басылым, бейнефильм, көрнекі құралдар (карталар, диаграммалар, картографиялық сызбалар, фотосуреттер, гербарийлер және т.б.) пайдаланады. Бірақ, бұл көрнекі құралдар қазіргі цифрландыру үрдісінде дамуды талап етеді. Сонымен қатар, географиялық білім беруде кең ауқымды кеңістіктік мәселелерді қамтитын қолданбалы сипаттағы тақырып болғандықтан, табиғи кешендерді жаңаша әдістермен оқыту өзектілік тудырып отыр.

Далалық оқыту жағдайлары табиғи кешен нысаны аумақтарына экскурсиялық жұмыстарда оқушылар жасалған тапсырмалар мен сызбаларын және жинақталған ақпараттарын пайдаланып оқушылар мұғалім көмегімен бірнеше әдістемелік құрал жасай алады [1, 72 б.]. Ұсынылған контексті негізге ала отырып, қазіргі таңдағы оқу бағдарламасына сай нысанды далалық жағдайда талдауға әдістемелер жинағын құру зерттеу жұмысын жүргізуге басты себеп болып отыр.

Үздіксіз білім беру жүйесінде табиғи-аумақтық кешендерді тереңдете оқыту интеграциялық маңызы зор. Ал, интеграция – білім берудің алдыңғы сатысының мазмұнын құрайтын білім, білік, дағдыларды бекітуді кеңейтуді және тереңдетуді белгілі бір жүйелілік негізінде оқу үрдісін ұйымдастыруды білдіретін маңызды оқу іс-әрекеті [2, 7 б.] Географияда табиғи кешендердің қасиеттерін терең зерттеуге бағытталған А.Гумбольд, А.И. Воейков, В.В. Докучаев және т.б. ғалымдар заманынан бері зерттеліп келе жатқанымен, қазіргі уақытта адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасы мәселелері шиеленісуіне байланысты мектептен бастап табиғи кешендерді оқыту жүйесін қолға алған жөн. Сондықтан, оқытуда басты назар қоршаған орта, табиғи кешен және геожүйе ұғымдарын жаңаша әдіс-тәсілмен жұмыс жасау маңызды. Осыған сәйкес, геологиялық, экологиялық мониторинг пен тұрақтылық, қоршаған орта мониторингі, қоршаған орта сапасын арттыру, табиғи аумақтық кешендерді бағалау мақсаттарына сай оқытуды тиімді ұйымдастыру маңызды болып отыр. Оқушылардың тұтас дүниетанымын қалыптастыруға, яғни, оқушылардың жүйелі ойлауын; азаматтық санасын және табиғатқа әсерінің салдарын болжау; зерттеу дағдыларын дамыту; жас ұрпаққа адамгершілік, азаматтық, этикалық және эстетикалық тәрбие беруге ықпал етеді.

Типтік оқу бағдарламаға сәйкес табиғи кешендерді оқыту 7,8,9-сыныптар бойынша «3.5.Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімі мен тақырыптары аясында ұсынылған [19]. Кез-келген географиялық білім берудегі басты мәселе қызығушылықты арттыру мен тиімді оқыту әдістері қазіргі таңда ең басты өзекті мәселе. Мәселені шешуде оқыту үрдісінің тиімділіктерін дамыту мен өмірлік жағдайдайда қолданатындықтан, жаңа тәсілдер ойластыру маңызды.

Қазіргі ғылыми тұжырымдамаларға сәйкес адам өмір сүретін қоршаған табиғи орта мен шаруашылық қызметі әртүрлі деңгейдегі табиғи-аумақтық кешендер болып табылады [3, 44 б.]. Ал қоршаған ортаны меңгеру тікелей оқу-дала жұмыстары әрекеттерінен орын алады. Далалық зерттеулер – географ мамандар даярлауда далалық тәжірибелерді өткізудің бағыттарын таңдаудың басым аспектілері туралы түсінік беру. Далалық зерттеулерді ұйымдастырудың келесі формаларын талдауға болады: *оқу* -теориялық дәріс ақпараттарын меңгеруге бағытталған; *өндірістік* – қоршаған ортаны пайдалану саласында жұмыс істейтін ұйымдардың жұмыс үрдісіне тікелей бағытталған жұмыс; *экспедициялық* – білім алушыны кәсіби ортаға тарту бойынша қосымша іс-шаралар [4, 60 б.].

Далалық тәжірибе бастапқыда теориялық білімді бекіту, дағдыларды меңгеру, геологиялық-географиялық жағдайларға қолдану және далалық зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеруді көздейді. Қазіргі тәжірибелер табиғи кешендегі үрдістер мен құбылыстарды тану, құрылыста, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте табиғи ортаға әсер ететін әсерлерді бағалау дағдыларын қалыптастырады. География пәндері бойынша далалық жұмыстарды өткізудің мақсаттары табиғи нысандар жан-жақты зерттеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Далалық зерттеулердің әдістемесін меңгеру географиялық, геоэкологиялық түрлері бойынша дағдыларды диаграмма, қима және басқа да графикалық есептерді дамытуға мүмкіндік береді [5, 12 б.].

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдарының еңбектеріне талдаулар жүргізілді. Зерттеуде табиғи нысандарды бағдарлаудың маңызы мен оқытуда қолданылатын далалық әдістердің түрлері және оқушы мен мұғалім іс-әрекеттерін қарастырдық. Далалық жұмыстар әдістемелері, экспедициялық сабақтар, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер туралы ақпараттармен жұмыстар жасалынды.

Жалпы далалық жұмыстар оқушыларға белсенді түрде мектептерде жиі жүргізіле бермейді. Оқу-дала жұмыстарында оқушы тек тақырыпқа байланысты тәжірибе жүргізіп ғана қоймай, табиғи нысанның геология, биология, экологиясын және әлеуметтік тұрғыда сипаттама жасайды. Табиғи-аумақтық кешендер мен әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарды зерттеуде оқу-дала жұмыстарын орындау көптеген дағдылары мен қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оқу-дала жұмыстарының әдістемелік сызбасына сәйкес теориялық бөлімде жер бедері, биіктік белдеулер, климат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі және т.б. сипаттамаларын қамтиды. Ал, оқу дала жұмысының әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жұмыстарында өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп, электроэнергетика, туризм, әлеуметтік еңбек және т.б. салалар бойынша зерттеу



жұмыстарын жасай алады. Дәріс ақпараттарын меңгеруде оқушылар алған теориялық білімін тәжірибеде картографиялық біліммен ұштастыра отырып дайындайды [6, 55 б.].

Өз заңдылықтары бойынша дамиды объективті құбылыс ретінде пайда болған табиғи кешен ол – Жер. Алайда, адамзаттың қоғамы табиғи үрдістердің барысында белсенді түрге араласып, табиғи кешенге антропогендік элементтерді енгізе бастады. Табиғи кешендердің негізгі құрамдас бөліктері – жер кеңістігі, мұнда нақты қасиеттер мен қатынастар көрінеді, белгілі заңдылықтар қалыптасады. Бұл жағдайда табиғи кешендердің қасиеттерін жылжымалы және жылжымайтын деп екіге бөлуге болады. Жылжымайтын мүлік нысандарына жер бедері, топырақ, өсімдік жамылғысы, су қоймалары, жер қойнауы жатады. Жылжымалы табиғи кешендерге климат, жануарлар, ашық су нысандарын жатқызуға болады. Қоғамның пайда болуымен жердің нысаналы мақсатының бірінші ірі бөлінісі – табиғи кешен – адам қоғамы қызмет ететін тіршілік әрекетінің нысанына және адамдар жоқ және адам қызметінсіз жасалынатын резерватқа айналды. Ұсынылған контекст бойынша табиғи кешен Жердегі барлық заңдылықтарға тікелей байланысты [7, 22 б.].

Табиғи кешендер құрылымы мен байланысы географ П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Б.Б.Родоман еңбектерінде зерттелген. Мына контекстте табиғи кешен тұрақтылықпен сипатталатыны тұжырымдалған. Табиғи-аумақтық кешеннің тұрақтылығы ерекше табиғи ресурс, экологиялық мүмкіндіктің бір түрі, себебі белгілі бір аумақтағы рұқсат етілген шаруашылық қызметтің дәрежесі ландшафтының төтеп бере алатын жүктемесені байланысты [8, 309 б.].

Табиғи кешендерді зерттеуде нысанды барлық нұсқада (өзен, көл, қалың орман, қала табиғаты, жеке парк және т.б.) қарастыру қажет [9, 30 б.]. Оқушылармен далалық жұмыстар жүргізуде табиғи-аумақтық кешендерді жекелей зерттегенде нысандармен толыққанды танысу қажет екендігі осы контекстте тұжырымдалған.

Ал зерттеулердің нәтижесінде мына контекстте оқушының ғылыми қоршаған ортаны тану жұмыстары барысынла төрт үрдіс реттілігі орындалатынын тұжырымдаған: *бірінші*, табиғаттағы және өмірлік мәселелерді шешуде табиғи орта туралы ақпараттарды меңгерудегі дайындығы; *екінші*, жан-жақты алынған пайдалы ақпараттарды жаңа білімді табиғи ортаны тану арқылы алынатын және қоғамдағы әсерін білуі; *үшінші*, табиғаттағы үрдістерді меңгерген соң, кіші зерттеулер, бақылау, тәжірибелердің оқушының өзі жасай алуы, *ал соңғы үрдіс* – рефлексиялық іс-әрекет, адамның қоршаған ортаға, географиялық нысанға, табиғи кешенге тигізетін оң және теріс әрекеттеріне баға бере алуы [10, 108 б.] Оқыту үрдісінде географиялық білім берудің барлық құрамдас бөліктері қалыптасады: танымдық, реттеушілік, тәрбиелік іс-әрекет, коммуникативтік, шығармашылық, зерттеушілік. Қарастырылып отырған дүниетаным құрылымында мынадай құрамдас бөліктер ажыратылады: экологиялық, географиялық білімдер, идеялар, көзқарастар, сенімде, бағалау дағдылары. Оқу-тәрбие үрдісінде қалыптасып, оқушының жеке басына анықтайтын құндылықтарға айналады, қоршаған ортаға қатысты ұстанымы өзгереді. Экологиялық-географиялық дүниетанымды қалыптастыруда сабақтастық пен жүйелік принциптеріне сүйену қажет. Бұл туралы В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев еңбектерінде өлкетанулық тұрғыда қарастырған [11, 272 б.]. Далалық жұмыстар барысында оқушылар табиғи нысанмен қарым-қатынаста болады. Бұл дегеніміз – адамгершілік, отансүйгіштік және экологиялық тұрғыдан өздерін тәрбиелеу. Табиғатты қорғауды, қоршаған ортаны таза ұстауды, қастерлеп аялауды үйренеді. Далалық жұмыстарды оқушылар шығармашылық, зерттеушілік қабілеттер мен іс-әрекеттерінен ұжым болып жұмыс жасап, кез-келген мәселені шешуді меңгереді [12, 10 б.]. Далалық оқыту жұмыстары оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жинақтау мен дамытудың ерекші тәсілі ғана емес оқу үрдісінің маңызды бөлігі. Далалық оқыту теориялық түрде алған білімдерін, дағдыларын іс-жүзінде орындайтын іс-әрекет. Географиялық білім беруде далалық оқытуды өткізудегі табысы – дұрыс ұйымдастырылып, қауіпсіздік шаралары сақталып, жүргізілген зерттеуде. Ол үшін оқу орнын дұрыс таңдау қажет. Жер бедері түрлеріне байланысты өзен, көл, жазық, тау) дәне өсімдігі, жануары, климаты секілді тақырыптар ерекше қызығушылық арттырады. Тәжірибе кезеңдерінде табиғи кешендер туралы зерттеулер назарды

аудартады. Зерттеу нысаны табиғат зонасы бөлігі болса зонаның алдымен литогенді негізінен бастап зерттеледі. Яғни табиғи кешеннің жер бедерінің геологиялық және геоморфологиялық ерекшеліктеріне мән беріледі. Далалық жұмыстар жер бедерінің құрылымын, климатын, гидрологиялық ерекшеліктерін және топырақ пен өсімдік жамылғыларын алдын-ала толықтай зерттеу талап етіледі. Далалық жұмыстар көбіне ландшафттану, өлкетану, табиғи кешендер және т.б. пән салалары бойынша көп маусымдық тәжірибелер болып табылады. Жалпы оқу далалық тәжірибеде оқушыларға келесідей дағдыларын дамытуға ықпал етеді: *бақылау нысанында зерттеу жүргізу; физикалық-географиялық нысанды жоспарлау; табиғат құбылыстарын, үрдістерінің экожүйеге әсер етуінің заңдылықтарын өзгерістерін түсіндіру; тау жыныстарын, топырақ, өсімдік жамылғыларын сипаттау, температураның жылдық ауытқу түрін, оның биіктік пен маусымдық жағдайларға әсерінен өзгеруін зерттеу; физикалық-географиялық құбылыстар мен үрдістерді жіктеу, талдау, жалпылау және салыстыру* [13, 103 б.]. Демек, оқушылардың оқу-далалық тәжірибелері табиғи кешендер бойынша ізденіс жұмыстарының нәтижелі болуын, зерттеудегі мақсаттың орындалуы деп тұжырымдауға болады. Табиғи кешендер туралы ұсынылатын теориялық ұғымдарды оқыту қолданбалы пәндерде қиындықтар туғызады [14, 7 б.]. Сонымен қатар қазіргі уақыттағы білім берудегі цифландыру үрдісінде сабақ өткізу тәсілдері жаңартуды талап етеді. Ал мұғалімдер мен олардың қызметтерін, дағдылары мен тұлғалық қасиеттерін бағалау жалпыға бірдей білім мен күзiретiлiктердiң маңыздылығын көрсетеді [15, 106 б.]. Кейбір контексттерде білім нақты әлемде қолданылатын және кіріктірілген кезде оқу алға жылжиды. Оқытуды жобалау теорияларының көпшілігі білім мен дағдыны тиімді оқытудың қажетті шарты ретінде қолдануды талап ететіндігі тұжырымдалған [17, 22 б.] .

Оқушыларды өмірге, табиғаттағы өзін-өзі ұстауға дайындаудағы географияның рөлі қоғам үшін әсері орасан зор, сондықтан білім мен географиялық мәдениет жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде географиялық маңыздылығын асыра бағалау қиын. Географиялық білімнің әлеуеті гуманистікте жатыр және ол шешетін міндеттердің сипаты: мәдени функцияларды күшейту; «өсіру»; салауатты өмір салтын, саналы білімдерін тәрбиелеу; қоршаған ортаны пайдалану және табиғатты қорғау; студенттердің іскерліктері мен дағдылары және географиялық ойлауын дамыту; өнімді және шығармашылық тұлғаны дамыту. Бұл географияның жалпы мәдениетті қалыптастыруға елеулі үлес қосуына мүмкіндік беретін оқушылардың құзыреттіліктері деп есептеуге болатынын отандық ғалымдар К.Н. Мамирова, Б.Қ. Асубаев атап өткен. Сонымен қатар, географиялық білім мазмұнын қалыптастырудың негізгі принциптер мен ережелер тұрғысынан қарастыруларды зерттеудегі отандық ғалым К.Н. Мамирова еңбектерінен атап көрсетуге болады:

- ғылымилық – географиялық білім негізгі бағытты болуы керек, яғни қазіргі өмірдің мәселелері, әлем дамуының соңғы тенденцияларын көрсетеді және Қазақстан география ғылымы басты орында;

- жаһандық – университетте және мектепте білім алу кезеңдерінде географиялық іргетас принципінде берілген. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың бір бөлігіне айналады және өзінің ұлттық мүдделерін алға қояды;

- жасылдандыру – тұрақты даму тұрғысынан тек географиялық ғылым қоғам барлық мәселелерді қамтуға, шешуге жан-жақты ықпал етуге қабілетті экологиялық мәселелер жатады;

- білім беруді ізгілендіру – ізгілендіру принципі жаңаруды және қарастырады география ғылымының мазмұнын қайта бағалау;

- пәнаралық – география біртұтас сияқты нәтижелерді жалпылауды және қайта қарауды қамтамасыз ететін басқа ғылымдармен байланысты бағдарлама. Сондықтан оның туа біткен қасиеті бар пәнаралық байланыс;


- проблемалық – табиғаттағы да, қоғамдағы да барлық мәселелердің өз өткен дәуірі бар; қазіргі және болашақтағы мәселелердің барлығы ойлау мен шешімді дамытуға ықпал етеді;

- жүйелілік пен тұтастық – білім беруде ықпалдастыққа баса мән берілетін әлеуметтік бағыттағы география. Бүкіл құрылым географиялық білім біртұтас ажырамас жүйе ретінде ұсынылған материалдың біртіндеп күрделенуі.

Ақпаратты қарастырудағы құндылықтар – коммуникативтік, оқу-интеллектуалдық және зерттеушілік. Бұл мектептегі «География» пәнінің қызметімен байланысты – оқыту – оқушының қоршаған ортаны адамгершілікте қабылдауы, оны бағдарлай алуы, табиғи кешендердегі географиялық ақпаратты және географиялық картаны дұрыс пайдалана білу мен эмоционалды және құндылық тұрғысынан қабылдайды [18, 198 б.].

**Нәтижелер және талқылау.** Зерттеу жұмысында деректерді талдау барысында сауалнама нәтижелері сипаттамалық статистиканы пайдалана отырып, сандық түрде талданды.

Сауалнама сұрақтары дербес формада Алматы қалалық №206 мектеп гимназиясындағы география пән мұғалімдерінен еркін түрде алынып, 12 жауап қабылданды (1-сурет). Сауалнама сұрақтарынан зерттеудегі өзекті мәселелерді анықтау мақсаттарында «Күнделікті сабаққа арналған қысқа мерзімді жоспарды құруда сабағыңыздың қай тұсына көп көңіл бөлесіз?» сұрағы кездесті. Мұғалімдердің (7 адам) 58,3% үлесі оқушылармен жұмыс жасау сәттері (зерттеу жасау, бақылау, мәселе шешімдерін табу, постер жасау және т.б.) іс-әрекеттеріне көңіл бөлетінін белгілесе, мұғалімдердің 25%-ы сабақтың бастапқы-ұйымдастырушылық сәті (амандасу, сергіту сәттері, үй тапсырмасын сұрау бөлігіне көңіл бөлетінін белгілеп өткен. Қалған 16,7%-ы сабақ үстінде жаңа тақырыпты меңгеру сәті (ақпараттармен таныстыру, видеофильм, фотосуреттер, мәтіндермен жұмыс т.б.) нұсқасын таңдады.




Сурет 1. «Табиғи кешендер тақырыбы бойынша оқу мақсаттарына сай тапсырма немесе әдіс-тәсіл құруда қай тұстарға көңіл бөлесіз?» сұрағының жауаптары

Табиғи кешендер тақырыбы бойынша оқу мақсаттарына сай тапсырма құруда мұғалімдердің көпшілігі (8 мұғалім) 66% үлесі оқытуды ұйымдастыру, оқушылармен жүргізілетін іс-әрекеттің нәтижелі болуына көңіл бөлетінін білдірсе, қалған (4 адам) 34%-ы оқытуда теориялық ақпараттармен толыққанды қамтамасыз етілуіне көңіл бөлетінін белгілеген. Және соңғы сұрақ жазылым нұсқасында зерттеуіміздің өзектілігі ретінде «"Табиғи-аумақтық кешендер" бөлімін оқытуда далалық әдістердің қолданылуына қандай мысалдар келтіре аласыз?» сұрағы қойылды. Сұрақтың қойылу мақсаты оқытуда далалық әдістердің маңыздылығын айқындау болды. Тақырып аясында «Антропогенді аумақтарды оқушыларға көрсету, табиғи аумақтарды оның ішінде жойылу қаупі бар тіршілік көздерімен таныстыру», «Мектептерде оқушылармен далалық және камералдық жұмыстарға бейімдеу қажет. Далалық, экспедициялық зерттеулерді жүргізген дұрыс. ТАК компоненттерін жеке дара зерттеуді үйрету керек», «Топқа

арнайы ТАК бөліп беріп, зерттеу жүргізу. Топырағы, өсімдік, жануарлары, климаты және т.б.», «Таудағы биіктік белдеулерін түсіну үшін далалық зерттеу жұмысына шығуға болады. Флорасы, фаунасымен танысады», «Табиғи кешендерге саяхат жасау» жауаптары алынды. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен сауалнама нәтижесінен алынған сұрақтардан табиғи-аумақтық кешендерін далалық әдістермен оқытудағы табысты болатын тәсілдерді ұсыну қажеттілігі туып отыр.

Ең алдымен типтік оқу бағдарламасына сай 7-сынып бойынша «3.5. Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімінің «Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы» тақырыбы ұсынылған. Келесі тақырып оқушының жеке шығармашылық тақырыбы ретінде «Менің өлкемнің визиттік карточкасы: өлкетанулық деректер қорын дайындау» тақырыбы берілген. 8-сынып типтік оқу бағдарламасында «Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы», «Географиялық қабықтың заңдылықтары» тақырыптарында табиғи кешендер туралы ақпараттар ұсынылған. 9-сынып бойынша табиғи-аумақтық кешендерді Қазақстан мысалында тереңдетіліп берілген. «Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары; Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы), «Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар; Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары» тақырыптарында табиғи-аумақтық кешендерді оқытуда бірнеше әдістерді ұсынуға болады.

Оқу үрдісінде қолдануға арналған мультимедиялық контент мазмұны жағынан, білім беру стандартын сәйкестігінен айтарлықтай әртүрлі. Цифрлы технологиялар оқу үрдісін байытады, оқуды тиімді етеді. Ресурстардың қолжетімділігін ескере отырып география сабақтарында шығармашылық және танымдық қызығушылығын арттыру арқылы негізделеді [16, 96 б.]. Осы контекст негізінде табиғи-аумақтық кешен нысанын бағдарлауда Airpano.ru цифрлы жобасының тиімділіктерін атап өту қажет. Кәсіби фотографтар жұмыстар жиынтығынан тұратын 360° бұрышта бағдарланған нысандарды ғаламтор көмегімен тегін, кедергісіз бақылауға болады (2-сурет). *Ұсынылған цифрлы жоба далалық жұмыстарды қашықтықтан басқаруға, табиғи кешенінің қауіпсіздік жағынан адамзатқа тиетін кедергілерінсіз, жылдам табиғи кешен туралы ақпарат алып, теориялық білімдерін толықтай тәжірибе мен ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.*




Сурет 2. Airpano.ru цифрлы жобасындағы биіктік белдеуді онлайн форматта бағдарлау

Табиғи кешеннің компоненті саналатын нысан ретінде биіктік белдеулерді бағдарлауда оқушы 360° бұрышта жан-жақты тамашалауға болады. Порталға ену мүмкіндігі оңай, кедергісіз, ғаламтормен тегін. Сапалы форматта нысанмен танысу барысында нысан туралы ақпараттар мен көкжиек тұстарымен түрлендіріп бақылауды қосымша нүктені шерту арқылы білуге болады.




Ұсынылған цифрлық жобада 4535 панорама, 360° бұрыш бейнеленген 175 бейнефильм бар және 2,7 млн қаралымды 1 тәулікте жинаған, Жер шарының 386 нысаны бейнеленген. Нысанды бағдарлауда оқыту үрдісінде оқушылардың қызығушылықтарын сақтап дамытатын, тәсілдердің бірі. Далалық жағдайларда табиғи нысанды дәстүрлі форматта аралау (экскурсия) бұрыннан келе жатқан, көптеген тәжірибе жинауда көмегі зор әдіс, бірақ кейбір табиғи кешендерді (мысалы, сирек кездесетін биомассаға бай) табиғи қауіптілігіне (Сахара шөлі, биіктік белдеулері, тундра зонасы), географиялық орыны жағынан алыс-жақындығына және климаттың қолайсыздықтары (полярлық аудандар) себептерімен бағдарлау жұмысы орындалмайды. Ал, берілген цифрлық жоба ұсынылған мәселелердің шешімін табады. Табиғи-аумақтық кешендер мен жеке нысандардың бағдарлауда, нысанның географиялық орнын анықтауда тиімді құрал болып табылады. Ғаламтор сайттарындағы кейбір фотосуреттер мен бейнефильмдердің сапалы форматы ақылы болып келеді. Ал, ұсынылған Airpano.ru цифрлық жобасы сапалы және ақысыз. Кез-келген уақытта қолдануға ыңғайлы және тіркелуді қажет етпейді. Ұсынылған фотожобармен нысанды бағдарлаған соң, оқушыларға сабақ барысында қалыптастырушы бағалау немесе жиынтық-бағалау тапсырмалары ретінде танымдық-зерттеушілік қабілеттерін шыңдау мақсатында мынадай төменде ұсынылған картамен жұмыс әдісін ұсынуға болады (3 сурет). Ғаламтордан дайын дүниежүзінің кескір картасын жүктеп, өңдеу үшін қарапайым компьютердегі Paint 3D бағдарламасы көмегімен географиялық нысандарды немесе табиғи кешендерді фигура сызбалар арқылы белгілеп зерттеушілік дағдыны дамытатын төмендегідей әдіс құрастыруға болады. Оқушыға шөл және шөлейт зонасындағы аптапты ыстық аймақтардағы өсетін өсімдіктер дүниесінің суретін көрсетіп оқушының логикалық ойлауына белгі беру арқылы тапсырманы оңайлатуға болады. Суреттен бөлек, мәтін, бейнеролик немесе аңыз әңгіме, жұмбақ жасыру және т.б. тәсілдерді қолдануға болады. *Төменде ұсынылған тапсырманың мақсаты – онлайн форматта жүргізген далалық бағдарлау жұмысынан соң, оқушы өзінің меңгерген теориялық білімдерін онлайн бағдарланған нысандардың географиялық орнын анықтау, мұғалімнің цифрлық құзіреттілігін дамыту және оқушының қызығушылығын арттыру.*



Сурет 3. «Табиғи нысанды табу» тапсырмасы (авторлық құрастыру)

Кескін картадағы барлық түрлі түсті аумақтардың бәрінде шөл және шөлейт зонасының өсімдігі өсе бермейді, яғни нұсқалардың бірнеше нысаны дұрыс бірнеше нысаны бұрыс белгіленген. Оқушы нысандарды табу үшін алдымен, шөл және шөлейт зоналары туралы

ақпараттармен танысады. Өз жауабына сенімді болған соң, кескін картадағы белгіленген нүктелердің қай зонаға енетіндігін анықтап, берілген өсімдіктің таралуын айқындайды. Оқушының танымдық, зерттеушілік іс-әрекетін дамытатын, іскерлік қабілетін шыңдайтын тапсырмаларда карталармен жұмыс көп кездесе географиялық нысандарды, табиғи-аумақтың кешендерді оқушы тез меңгеріп, жаттығады. Картамен, графикалық сызбамен ұштасқан тапсырма оқушының қызығушылығын арттырады. Ұсынылған тапсырмаға ұқсас тағы бір тапсырманың мынадай түрін қолдану географиялық білім беруде жаңа әдіс болып табылады. Бұл ұсынылған тапсырманың құрастырылу мақсаты –нысандарды онлайн бағдарлау әрекеттерінен кейін оқушы жаңа тақырыпты меңгеру үшін, картамен байланыстылықты орнату, қызығушылығын арттыру (4-сурет).



Сурет 4. «Ормандардың белдеулерде таралуы» тапсырмасы (авторлық құрастыру)

Ұсынылған тапсырмада климаттық белдеулер бойынша ормандардың таралуы көрсетілген. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау ретінде ұсынылатын бұл тапсырманы әр түрлі нұсқада ұсынуға болады. Мысалы, белгіленген бос орынға орман түрлерін немесе белдеулердің табиғат зоналарын жазып шығыңыз және сипаттама келтіріңіз. Оқушы таңба түрін зерттеп өз жауабын жазады. Бағалауды баллмен есептеуге болады.

**Қорытынды.** Жүйелік білімді қалыптастырудағы әдістемелік негіз оқуда тұтастықты сақтап, кез-келген мәселелерді шешудегі іс-әрекеттерді орындау болып табылады. Оқытудың біртұтастығында оқу материалын оқытуда әдістер қорын көбейту, сапалы білім беру екені белгілі. Және де зерттеудегі далалық іс-әрекеттер табиғи-аумақтық кешенінің нәтижелі меңгерілуінде. Табиғи кешендерді оқытуда жаңаша, цифрлы платформалардағы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, далалық жұмыстармен кіріктіріп оқыту жақсы нәтиже алуға мүмкіндік беретіндігін атап өткен жөн. Білім алушылардың зерттеу үрдісінде далалық жұмыстардың маңызы зор, себебі зерттеуде оқу-дала жұмыстары білім, білік және дағдыға негізделеді. Табиғи-аумақтық кешендерді оқыту үрдісі тікелей тәжірибеге бағытталады. Тәжірибеге бағытталған тәсілдер оқушылардың жаңа білім мен іс-әрекет және зерттеу дағдыларын игеріп ғана қоймай табиғатқа деген құндылық бағдарларының қалыптасуына ықпал етеді.

Оқушылардың жаңа тақырыпты жаңаша әдістермен меңгеруі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы, жаңаша әдістер арқылы тапсырмаларды орындауы арқылы өз бетінше ойлау қажеттілігі мен қабілетін дамытып, мәселелер шешуде өзіндік көзқарасты тауып, табиғи кешендер жайында ақпараттарды терең түсінуіне ықпал жасай алады. Географиялық білім беруде оқушының оқу-әдістемелік және ғылыми дамуының буыны ретінде далалық оқыту тәжірибесін қарастыруға болады. Осылайша, далалық жұмыстар оқушылардың кәсіби құзіреттілігі мен сыни ойлау қабілетін және зерттеу дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Гуменюк Н.В., Гуменюк В.К. Живые уроки краеведения как один из ключевых элементов современного образования // Проблемы географии Урала и сопредельных территорий: Матер. 11-й Междунар. конф., Челябинск, Россия, 2020. – С.71-75

2. Joraeva N.H. Principles of organizing teaching in the content of natural (scientific) sciences // *Procedia of Philosophical and Pedagogical Sciences*–2023. – Vol.2.No.8 –P.7

3. Гладкий А.В., Ткаченко Т.И., Хлопяк С.В., Климова А.М. Синергетические особенности ландшафта и сложных географических категорий // *Журнал геологии, географии и геоэкологии*. – 2023. – Т.32.№1. – С 44-50. DOI: <https://doi.org/10.15421/112305>

4. Горецкая А.Г., Марголина И.Л. Опыт формирования географии полевой практики по направлению «Геоэкология и природопользование» // *Вестник МГПУ. Естеств. науки*.-2021. – Т.3.№43. – С.59-70. . DOI: [10.25688/2076-9091.2021.43.3.5](https://doi.org/10.25688/2076-9091.2021.43.3.5)

5. Больбух Т.В., Кочеева Н.А., Роль выездной полевой практики в формировании комплекса компетенций по дисциплинам естественно-научного цикла // *Научный Вестник, Горно-Алтайск, Россия*, 2020. – Т.15. – С.12-18.

6. Алексеенко Н.А., Викулина М.А., Пакина А.А., Макушин М.А., Барышкин П.А., Курамагомедов Б.М. Комплексная практика школы юного географа МГУ в Хибинах: методические подходы, разработка структуры, опыт проведения // *Вестник Псковского государственного ун-ва. Серия: Естеств. и физико-математические науки*, 2023. –Т.16. №1. – С. 53-61.

7. Колпакова О.П., Когоякова В.В. Земля как главное средство производства и ресурс сельского хозяйства // *Материалы междунар. конференц. Красноярск, Россия*, 2019. –Т.2. №2. – С. 19-22.

8. Madaminov Z., Kuzibaev Kh.S. Stability of natural complexes and their consideration in economic activities // *Economy and society*, 2021. – Vol.12–№1(91). – P.308-310.

9. Simmons D. Using natural settings for environmental education: Perceived benefits and barriers // *Journal of Environmental Education*, 1998. –Vol.29.№3. – P.23-31. DOI: 10.1080/00958969809599115

10. Рубахина С.Г. Формирование естественнонаучной грамотности в дополнительном образовании школьников // *Вестник ПГГПУ, серия №3 Гуманитарные и общ.науки*, 2023. –№2. – С.106-111.

11. Бекетова С.И., Кубышкина Е.Н., Губеева С.К., Уленгов Р.А., Уразметов И.А., Хаялева А.Д. Смысловое чтение как средство формирования экологического мировоззрения учащихся в процессе обучения географии // *Самарский научный вестник*, 2022. – Т.11.№1. – С. 272-280.

12. Ералиева М.Ж. Роль учебно-полевой практики в формировании профессиональных компетенций у студентов специальности биология. *Вестник казахского национального женского педагогического университета*, 2018. – №4. – С.8-13.

13. Чикина Ю.Ю. Профессиональная подготовка будущих учителей географии в процессе учебно-полевых практик // *Вестник науки и образования*, 2022. –№1(121). – С.102-105

14. Puettmann K.J., Parrott L., Messier C. Teaching complex adaptive systems science in natural resource management: examples from forestry // *Natural Science Education*, 2016. – Vol.45. №1. –P.1-7.

15. Subotkevičiene R., Brazauskas G. Specific knowledge, skills and values of teachers of geography // *Pedagogika*, 2011 – Vol.102. – P.104-115.

16. Панина М.В., Стукова М. А. Обучающие мультимедийные (мультипликационные) технологии на уроках географии // *Проблемы географии Урала и сопредельных территорий: Матер. 11-й Междунар. конф.*, Челябинск, Россия, 2020. – С.95-98.

17. David H. A., DeMarie D, Alvarez-McHatton P., Doone E. Bridging the Gap between Theory and Practice: Connecting Courses with Field Experiences // *Teacher Education Quarterly*, 2006, Vol. 33, No. 1. – P. 19-35.

18. Мамирова, К. Н. Содержание географического образования в вузе как средство формирования компетенций обучающихся // *Современное географическое образование: проблемы и перспективы развития : Материалы Всероссийской научно-практической конференции*, Москва, Россия, 2019. – С.196-200.

19. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-9-сыныптары үшін "География" пәнінен типтік оқу бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>



References:

1. Gumenyuk N.V., Gumenyuk V.K. Live lessons of local history as one of the key elements of modern education // *Problems of geography of the Urals and adjacent territories: Materials of the 11th International. conf., Chelyabinsk, Russia, 2020.* – P.71-75
2. Joraeva N.H. Principles of organizing teaching in the content of natural (scientific) sciences // *Procedia of Philosophical and Pedagogical Sciences–2023.* – Vol.2.No.8 –P.7
3. Gladkiy A.V., Tkachenko T.I., Khlopyak S.V., Klimova A.M. Synergetic features of landscape and complex geographic categories // *Journal of Geology, Geography and Geoecology.* – 2023. –T.32. No. 1. –P 44-50. DOI: <https://doi.org/10.15421/112305>.
4. Goretskaya A.G., Margolina I.L. Experience in the formation of geography of field practice in the direction of “Geoecology and environmental management” // *Bulletin of the Moscow State Pedagogical University. Natural Sciences. science.* – 2021. –T.3.No.43. –P.59-70. DOI: [10.25688/2076-9091.2021.43.3.5](https://doi.org/10.25688/2076-9091.2021.43.3.5)
5. Bolbukh T.V., Kocheeva N.A., *The role of on-site field practice in the formation of a set of competencies in the disciplines of the natural sciences // Scientific Bulletin, Gorno-Altai, Russia, 2020.* – T.15. – P.12-18.
6. Alekseenko N.A., Vikulina M.A., Pakina A.A., Makushin M.A., Baryshkin P.A., Kuramagomedov B.M. Complex practice of the school of young geographer of Moscow State University in Khibiny: methodological approaches, development of structure, experience // *Bulletin of the Pskov State University. Series: Natural. and physical and mathematical sciences, 2023.* –T.16. No. 1. – pp. 53-61.
7. Kolpakova O.P., Kogoyakova V.V. Land as the main means of production and agricultural resource // *International Materials. conference Krasnoyarsk, Russia, 2019.* –T.2.No.2. –P. 19-22.
8. Madaminov Z., Kuzibaev Kh.S. Stability of natural complexes and their consideration in economic activities // *Economy and society, 2021.* – Vol.12–№1(91). – P.308-310.
9. Simmons D. Using natural settings for environmental education: Perceived benefits and barriers // *Journal of Environmental Education, 1998.* – Vol.29.№3. – P.23-31. DOI: 10.1080/00958969809599115
10. Rubakhina S.G. Formation of natural science literacy in additional education of schoolchildren // *Bulletin of PGGPU, series No. 3 Humanities and general sciences, 2023.* – No. 2. – P. 106-111.
11. Beketova S.I., Kubyshkina E.N., Gubeeva S.K., Ulengov R.A., Urazmetov I.A., Khayaleeva A.D. Meaningful reading as a means of forming students’ ecological worldview in the process of teaching geography // *Samara Scientific Bulletin, 2022.* – T.11.No.1. –WITH. 272-280.
12. Eralieva M.Zh. The role of educational field practice in the formation of professional competencies among students majoring in biology. *Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University, 2018.* – No. 4. – P.8-13.
13. Chikina Yu.Yu. Professional training of future geography teachers in the process of field training // *Bulletin of Science and Education, 2022.* – №1(121). – P.102-105
14. Puettmann K.J., Parrott L., Messier C. Teaching complex adaptive systems science in natural resource management: examples from forestry // *Natural Science Education, 2016.* – Vol.45. №1. – P.1-7.
Students can use this website <https://aibarorazbek5.wixsite.com/kingdom> to upload their work and email it to me. I will assign ten points for grading the children's work. The analysis of the works, made possible by the computation of these grades, enabled us to conclude that the majority of the projects—35.9-66.7% – are research, with only a minor portion – 1.9-8.9% – being games. An examination of the projects listed on the websites revealed that students also complete informational, practical, and interdisciplinary projects while working with teachers. As long as students participate in a variety of projects, the pedagogical potential of project activity as a way to foster students' cognitive motivation can be applied more successfully. Several project works were prepared with us during the training process specifically for this purpose. Additionally, within the framework of topics, methodical materials for the project were gathered, and technological maps of the classes were developed. These included topics like "Medicinal plants, their variety and importance in nature," "Effect of ultraviolet rays on the skin," and "Environmental factors." Tasks and questions have been created for the students based on their interests, skills, and capacities in order to structure the project activities. It was created while conducting the research. "Stepping into a new horizon of science" was the theme of the students' conference, where educational and methodological materials gathered under the project "Harmful food additives of the 21st century" were successfully tested.

It has been established that a significant trend in biology education is the diversity of approaches employed by instructors, one of which is the attention given to the arrangement of students' project activities in project-based learning.

As per the teachers' perspective, the project method's opportunities can be efficiently employed to enhance students' cognitive motivation, guarantee their involvement in diverse project kinds, and refine the biological education material base. Therefore, the purpose and content of project activities, as well as the educational and psychological foundations for project education in schools, were examined in our work.

In the biology class of JO-116 students, the developed program of the project "Investigation of the fauna of pests of apple varieties in the conditions of the Karatau mountain range" was tested. The goal of this curriculum is to instill a lifelong interest in biology in the students and to apply biological knowledge to everyday situations. The intended outcome is to teach students how to identify tomato and potato pests in their own gardens, summer homes, and on their own property. They will also learn about preventative measures and how to apply biological knowledge to practical problem-solving.

Teachers must put in a lot of work with the project method because their role as conductors is limited to controlling student behavior and guiding them toward predetermined conclusions.

Throughout the investigation, it was determined that the issue of helping students become more cognitively motivated during project training is pertinent to contemporary teaching methods. In this way, the purpose and content of the project were ascertained, and the pedagogical and psychological foundations as well as the subject matter of the project education in the classroom were examined. The breadth of options for fostering students' cognitive motivation during project training was defined and ascertained throughout the research process.

**Conclusion.** In summary, students learn new subjective facts and formulate new ideas on their own during "project" work rather than obtaining prefabricated knowledge from the teacher. They have a strong sense of personal significance from reading, which makes them feel like the first explorers and motivates them to learn more. As long as students participate in a variety of projects, the pedagogical potential of project activity as a way to foster students' cognitive motivation can be applied more successfully.

For this reason, encouraging students to use the project method more often ensures that the teacher's lesson will be successful. When the "Project" method was extensively employed, the following benefits of students taking part in the project work were discovered.

Students described in their evaluations of the work completed not only their emotional connection to it, but also what they learned from it, as well as its challenges and successes. Additionally, students developed cognitive universal learning activities during the course of the work.

Students started to understand information from texts, graphics, and diagrams more effectively. Learned how to classify and gather objects based on their qualities, present information in the form of a scheme, and identify cause-and-effect relationships. verifying data and utilizing reference materials to obtain more information. It became proficient in coming up with his own unconventional solution, figuring out how to change the object, improvising and coming up with new ideas, etc.

#### *References:*

1. *Costa-Silva D., Cortes J. A., Bachinski R. F., Spiegel C. N., Alves G. G. (2018) Teaching Cell Biology to Dental Students with a Project-Based Learning Approach // Journal of Dental Education. №3(82). DOI: 10.21815/JDE.018.032. – pp. 322-331.*
2. *Khan N. N., Kurmanbekova M. B. (2019) Methodological methods of understanding the meaning of project research activities of students of pedagogical universities // Bulletin of Abai KazNPU "Pedagogical Sciences" series, №2 (62), pp. 51-57.*
3. *Smirnova N. Z., Berezhnaya O. V. (2018) Experimental method of formation of research competence of students on the basis of cognitive universal educational actions when teaching biology in 6th grade // Bulletin of KSPU them. V.P. Astafyeva. 3. pp. 32-37.*
4. *Turabaeva G. K., Mahanov T. SH., Bitemirova SH. A., Ospanova G. S., Bozshataeva G. T. (2016) Analysis of the application of the method of projects in the educational school // International Journal of Experimental Education. № 3-1. – pp. 86-88.*
5. *The model of the methodological system of the organization of the development of research activity in the preparation of future specialists - biologists // Herald of the Academy of Pedagogical Sciences. - #3(71). - Almaty, 2016. - P.60-66. / Amanbayeva M.B., Zhaksybayev M.B.*
6. *Ivashkevich R.V. Project activities of students in the biology lessons of the MOU "Gymnasium No. 159", g. Omsk Almanac of modern science and education, No. 4 (23) 2009. - Part 1. - pp. 93.*
7. *Methodology of research activity development in preparing future teachers with the use of information resources//// EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education.*

13(11):7399-7410, ISSN:1305-8215. IF - 0,903, SJR 0,510, SNIP-1,062 (Web of Science). - Turkey, 2017. - P.7400-7410./ M. B.Amanbaeyeva, A.D. Maimatayeva, Z.O.Unerbayeva, K.I. Shalabayev, S.V.Sumatokhin S.K.Imankulova, J.B. Childibayev

8. Madieva G.B., Utepova B.T., Iskakova G.N. *Methodological guide for project work*. - Almaty: Kazakh University, 2014. - pp. 4-16.

9. Orazymbetova B.B. *Effectiveness of using design teaching technology in the subject of biology*. - Kostanay, 2012. - pp. 303.

10. Turdaliyeva E., Akynova Zh. *Methods of using design technology teacher // Khabarshi of KazNTU. Kazakh language and literature. No. 5, 2006. - pp. 36-40.*

11. Zh.B.Childibayev, M.B. Amanbayeva. *Scientific achievements - in the field of biological education. Educational and methodological tool*. - Almaty: Ulagat, 2014. - pp.76.

12. Yakovleva N.F. *Project activity in the educational institution [Electronic resource]: учеб.пособие*. - 2nd edition, st. - М.: Flinta, 2014. - pp. 102.

13. Polivanova K. N. (2011) *Project activities of schoolchildren: a guide for teachers*. М.: Enlightenment. - pp. 192.

14. Khandelwall S., Zemore S. E., Hemmerling A. (2018) *Nutrition Education in Internal Medicine Residency Programs and Predictors of Residents' Dietary Counseling Practices //Journal of Medical Education and Curricular Development. Volume 5: 1–10. DOI: 10.1177/2382120518763360*

15. Kai-Han Yang, Zhi-Xia Jiang, Freida Chavez, Lian-Hong Wang, Chang-Rong (2019) *Yuan Effectiveness of a training program based on maker education for baccalaureate nursing students: A quasi-experimental study // International Journal of Nursing Sciences. Number 6. pp. 24-30.*

ӘОЖ 373.574

ҒТАМР 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2023.78.4.006>

Н.Маратқызы<sup>1\*</sup>, З.О. Унербаева<sup>1</sup>, О. Кулумбетова<sup>1</sup>, С.А. Каумбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Химия пәнінің мұғалімі М.Ганди атындағы 92 мамандандырылған лицейі

## ТАНЫМДЫҚ ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада оқу танымдық әрекеттерді арттыруға әсер ететін оқу үрдісінің әдістері туралы құнды ой-пікірлер айтылады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру бірінші кезекте ойлау белсенділігімен, оқудағы іс-әрекеттерімен байланысты екендігі тұжырымдалады. Танымдық тапсырмалар арқылы оқушыларда танымдық белсенділік орын алады. Сәйкесінше танымдық белсенділік оқушылардың білім алуға, оқуға, дағдыны меңгеруге деген ынта-ықыласының, қызығушылық, құштарлығының ерекше көрінісі ретінде сипатталады. Зерттеулерде танымдық тапсырмалар арқылы химия сабағында оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері қарастырылған. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың педагогикалық-психологиялық және әдістемелік негізі келтірілген. Химия жаратылыстану ғылымдарына жататын оқу пәні болғандықтан, оқушылардың санасында химияның жеке бейнесін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Мектепте химия пәнін оқытуда танымдық тапсырмаларды қолдану ерекшеліктері олардың бірқатар дидактикалық талаптарға толық сәйкес келуіне және жүйелі түрде қолданылуына байланысты. Химиядағы танымдық тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттыратын тапсырмалардың ерекше түрі болып табылады.

**Түйін сөздер:** танымдық белсенділік, танымдық тапсырма, білім алуға қызығушылық, танымдық іс-әрекет, әдістеме, оқыту үдерісі

Н.Мараткызы<sup>1\*</sup>, З.О. Унербаева<sup>1</sup>, О.Кулумбетова<sup>1</sup>, С.А. Каумбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Учитель химии, 92 специализированный лицей имени М.Ганди

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ЗАДАНИЙ В ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

### Аннотация

В статье содержатся ценные идеи о методах учебного процесса, влияющих на повышение познавательной деятельности. Сделан вывод, что повышение познавательной активности учащихся связано, прежде всего, с мыслительной деятельностью и деятельностью в обучении. Познавательная деятельность происходит у учащихся посредством познавательных задач. Соответственно, познавательная деятельность характеризуется как особое проявление у учащихся энтузиазма, интереса, стремления к учебе, обучению, овладению умениями. На занятиях предоставляются возможности повышения активности и интереса учащихся на уроке химии посредством познавательных задач. Представлены педагогико-психологические и методические основы повышения познавательной активности студентов. Поскольку химия является учебным предметом, относящимся к естественным наукам, важную роль играет формирование личностного образа химии в сознании учащихся. Особенности использования познавательных задач при преподавании химии в школе зависят от их полного соответствия ряду дидактических требований и регулярного их использования. Познавательные задачи по химии – это особый вид заданий, повышающих активность учащихся.

**Ключевые слова:** познавательная деятельность, познавательная задача, заинтересованность в получении знаний, познавательная деятельность, методика, процесс обучения.

N.Maratkzy<sup>1\*</sup>, Z.Unerbaeva<sup>1</sup>, O.Kulumbetova<sup>1</sup>, S.Kaumbaev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Chemistry teacher, 92 specialized lyceum named after M.Gandhi

## THEORETICAL FOUNDATIONS OF COGNITIVE TASKS IN TEACHING CHEMISTRY

### Abstract

The article contains valuable ideas about the methods of the learning process that influence the increase of cognitive activities. It is concluded that increasing the cognitive activity of students is primarily related to thinking activity and activities in learning. Cognitive activity occurs in students through cognitive tasks. Accordingly, cognitive activity is characterized as a special manifestation of students' enthusiasm, interest, desire for learning, learning, and mastering skills. In the studies, opportunities to increase the activity and interest of students in the chemistry class through cognitive tasks are provided. Pedagogical-psychological and methodological basis of increasing students' cognitive activity is presented. Since chemistry is a study subject belonging to natural sciences, forming a personal image of chemistry in the minds of students plays an important role. The peculiarities of the use of cognitive tasks in the teaching of chemistry at school depend on their full compliance with a number of didactic requirements and their regular use. Cognitive tasks in chemistry are a special type of tasks that increase the activity of students.

**Keywords:** cognitive activity, cognitive task, interest in obtaining knowledge, cognitive activity, methodology, teaching process.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан үлкен өзгерістер мен соңғы ғылыми-техникалық жаңалықтардың өмірдің барлық саласына қарқынды енуі білім саласына да үлкен әсерін тигізуде. Ендеше, тәуелсіз Қазақ елінің басты мақсаты – өркениетті мемлекет құру және әлемдік білім стандартына негізделген білім сапасын арттыру. Білім сапасын арттырудың басты шарты оқушылардың танымдық белсенділігіне негізделген. Танымдық тапсырмаларды құру мәселелерінің өзектілігі жекелеген пәндердің мазмұнына және оқыту әдістемесін табысты жетілдіру міндеттеріне байланысты. Мектептегі білім мазмұнының құрылымын нақтылау және оны жетілдіру мәселесіне сәйкес оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың маңызы арта түсті. Осы мәселе тұрғысынан алғанда, оқушылардың өзіндік оқуын ұйымдастыру үшін осы озық білім беру құралдарын пайдалану арқылы танымдық тапсырмалар жасау маңызды мәселеге айналды. Оқушылардың химияны оқу барысында танымдық іс-әрекеттерін арттыру үшін танымдық тапсырмалардың орны ерекше. Ғылыми техникалық прогрестің өте шапшаң қарқынмен дамуы ой еңбегін және оқыту үрдісін сапалы түрде жетілдіріп, күрделі проблеманы шешуді үздіксіз білім берудің жаңа түрлері мен тиімді әдіс-тәсілдерін тауып, оларды іс-тәжірибеге енгізу, оқушыларды өздігінен және шығармашылық оқуға үйретуге, танымдық тапсырмаларды орындауды талап етеді. Қазіргі уақытта қалыптасқан еңбек нарығы қызметтің әртүрлі салаларында өз білімі мен дағдыларын пайдалана алатын жоғары білімді, шығармашылық деңгейі жоғары мамандарды кәсіби даярлау деңгейі мен сапасына қойылатын талаптарға әсер етеді. Бұл тұрғыда әрбір оқушының өз тәжірибесін, мүмкіндіктерін, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау басты мақсаты болып табылатын жалпы білім беретін мектептің рөлі артып келеді. «Білім туралы» Заңда мектептің міндеті – оқушыларға білім жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оқушыларға өз бетінше білім алуды үйрету болып табылады деп көрсетілген. Бұл міндетті орындау үшін оқушылар жеке пәндерді меңгеруде танымдық әдістердің ғылыми негіздерін меңгеру және оқуға бөлінген уақытты тиімді пайдалану үшін негізгі мектептің оқу-тәрбие процесіне кіретін барлық іс-әрекет түрлерін жүзеге асыру әдістерімен қарулануы қажет [1, 48-б.]. Сондықтан оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білім, білік дағдыларын жетілдіруде танымдық белсенділіктерін арттырудың әлеуметтік маңызы зор. Сол себепті білім беру үрдісінде баланың оқуға деген құштарлығын белсендіретін, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беретін, ой-өрісін дамытып, жетілдіретін танымдық белсенділігін арттыру өте маңызды. Алға қойылған негізгі мақсат – химия пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын теориялық негіздеу және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау. Білім берудің маңызды мақсаттарының бірі – оқушылардың оқу процесін өз бетінше жүзеге асыру қабілетін дамыту. Оны жүзеге асыру оқушыларды ұжымдыққа, өзін-өзі дұрыс басқаруға және білімді саналы меңгеруге үйретеді, танымдық-шығармашылық және қарапайым танымдық тапсырмаларды шешуде дұрыс пайдалана білуге жетелейді, алған білімдерін өз бетінше пайдалана білуге дағдыландырады [2, 284-б.]. Химия сабағында оқушылар үнемі жаңа нәрсені үйреніп дамып отырады, танымдық белсенділіктері артқан сайын мұғалім тарапынан да үздіксіз дамып отыруды талап етеді. Баланың оқуға деген құштарлығы қалыпты деңгейде сақталуы және оның танымдық белсенділігі одан әрі нығая түсуі үшін оның танымдық қызығушылығын арттыру маңызды. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті түсінігіне әр түрлі көзқарастар бар. Қ.Салпынова танымдық іс-әрекетті белсендіру білім, білік, дағдыны меңгеру үшін қажетті ақыл-ой немесе дене еңбегін саналы, мақсатты түрде орындау деп есептейді [3, 27-б.]. Ф. Мустафина «Танымдық іс-әрекет – бұл оқушылардың білімді игеруге деген белсенді, тиімді қатынасы, сонымен қатар оқуға деген қызығушылықтың, дербестік пен ерікті күш-жігердің көрінісі» деп көрсетеді. Бірінші жағдайда мұғалім мен студенттердің өзіндік іс-әрекеті, ал екіншісінде оқушылардың іс-әрекеті туралы айтылады. Екінші жағдайда автор танымдық іс-әрекет ұғымына оқушылардың қызығушылығын, дербестігін, ерікті күш-жігерін қосады. [4, 15-б.].

Оқытуда білім беру мәселелері белсенді рөл атқарады, оның мәні оқу іс-әрекеті процесінде студенттерді жеке ізденіс пен зерттеушілік әрекетке жетелейтін осындай жағдайлардың санасында практикалық және теориялық кедергілерді жеңу болып табылады. Зерттеулер танымдық



әрекеттерді жақсарту үшін оқытуға әсер ететін оқу процесінің әдістері туралы құнды ақпарат береді. Бұл еңбектердің құндылығын ғылыми-теориялық, әдістемелік және практикалық тұрғыдан дұрыс деп есептеуге болады. Еліміздегі көптеген ғалымдардың еңбектеріне нақтырақ тоқталатын болсақ, А.С. Мустояпованың докторлық диссертациясында студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың педагогикалық шарттары қарастырылған.

Сондай-ақ, М.С. Моженақованың кандидаттық диссертациясында өлкетану материалдарына сүйене отырып, мектептің педагогикалық жүйесіне танымдық қызығушылықты дамыту мәселелері жан-жақты қамтылады [5,32-б.]. Н.Ф. Талызина «Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру» атты еңбегінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын көрсеткен және С.Т. Сабыров оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда дидактикалық оқыту әдістері мен формалары жүйесін тиімді пайдалануды тұжырымдайды. А.Аренова математиканы оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға тоқталды. Қ.Б.Жарықбаев өз зерттеулерінде оқу-танымдық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық негіздеріндегі танымдық мотивтердің жалпы бөлімін қарастырған. Н.Қ. Тоқсанбаева оқыту үдерісі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымына баға берді. Қазіргі қоғам талабына сай жалпы білім беретін мектептердің білім сапасын арттыру және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселесі әлі де болса зерттеуді қажет етеді [6, 15-б.].

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Қазіргі кезде сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенді іс-әрекетін оята отырып, оларды басқара білу. Ол біріншіден, тек дайын ақпаратты фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушыларды өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың іс-әрекетіне деген мұғалімнің көзқарасын өзгертуді талап етеді. Яғни, мұғалім оқушылардың өзі белсенді, қызығушылығы жоғары болуы үшін оқытудың ұйымдастырушысы әрі басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде: үй жұмысын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруге дайындығын, жаңа білімді енгізіп, оны тұжырымдаған кезде және алынған білімді қорытып, бір жүйеге келтірген кезде де көрініп отыруы керек. Оқушының белсенділік деңгейі мұғалімнің әдістер мен әдістемелерді дұрыс әрі тиімді пайдалануына және оның педагогикалық шеберлігінің көрсеткішіне байланысты. Оқытудың белсенді әдістерін мектеп оқушыларының танымдық белсенділік деңгейін барынша арттырып, оларды пәнді барынша ынтамен оқуға итермелейтін әдістер деп атаған жөн. Педагогикалық тәжірибеде және әдістемелік әдебиеттерде оқыту әдістерін ақпарат көзіне қарай ауызша (сөйлеу, баяндау, әңгімелесу, оқу), көрнекі (табиғи, экрандық және басқа да көрнекі құралдар, тәжірибе) және практикалық (зертханалық және практикалық жұмыстар) деп бөлу дәстүрлі түрде бекітілген [7, 17-б.]. Оларды іс жүзінде оқытуда қолдану оқушылардың белсенділігін арттырады, сонымен қатар кейбір оқушылардың оқуға ынтасын арттырмауы да мүмкін. Сондықтан бұл әдістерді белгілі бір бағдарламаларды немесе дидактикалық материалдарды қолданып сабақта тиімді пайдаланған жөн. Қазіргі уақытта оқушының оқу іс-әрекетінің өнімділігі мен тиімділігіне, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға ықпал ететін оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін, әдістері мен формаларын табу өте маңызды міндет болып табылады. Соған байланысты сабақта қолдануға тиімді бірнеше әдістерді ұсынғанды жөн көрдім. Осы әдістерді тиімді пайдалану арқылы химия сабағында уақытты ұтымды, тапсырмаларды жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың ынта-ықыласын арттыруға болады.

Ауызша әдістер.

1. Пікірталас әдісі оқушылардың өз пікірін еркін айтып, сөйлеушілердің пікірін мұқият тыңдауы үшін ойлауды қажет ететін сұрақтар қолданылады.

2. Оқушылармен жұмыс жасауда өзіндік жұмысты пайдалану. Жаңа материалдың логикалық құрылымын жақсырақ анықтау үшін әрі тақырыпты ұзақ есте сақтау үшін оқушыға сабақ кезінде өз бетінше орындайтын тапсырмалар беріледі: минималды мәтін – максималды ақпарат. Бұл схеманы пайдалана отырып, оқушылар өз тапсырмаларын орындау кезінде қорытындылау, әңгіме жоспарын құру, жауап беру, әдебиеттерді түсіндіру, ондағы негізгі ойды табу, анықтамалықтарды пайдалану арқылы өздерінің теориялық және логикалық ойлауын дамытуға

көмектеседі. Оқушыларға әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Сыныпта оқушылар өз тапсырмаларын орындау кезінде берілген мәліметті оқып қана қоймай, өткен тақырыппен байланыстырып, өзіндік анализ жасап, өзіндік дағдыларын қалыптастыруы керек. Осындай өзіндік жұмыстарды орындаудың арқасында оқушылар материалды талдап, жалпылауға үйренеді, ауызша сөйлеуді дамытады. Осылайша оқушылар кейін өз ойлары мен пайымдауларын айтудан тартынбайды.

### 3. Дидактикалық материалдармен жұмыс істеудің өзіндік әдісі

Бұл әдіс келесідей ұйымдастырылады: сыныпқа нақты тәрбиелік тапсырма беріледі. Қойылатын талаптар:

- мәтінді көрнекі түрде қабылдау қажет (тапсырмалар құлақпен дұрыс қабылданбайды, бөлшектер тез ұмытылады, оқушылар жиі қайта оқуға мәжбүр болады)

- тапсырма мәтінін жазуға мүмкіндігінше аз уақыт бөлінуі керек.

Осы мақсатта оқушылар химиядан жаттығулар мен тапсырмаларды орындайды, есептер шығарады. Сәйкесінше оқушы сабақта жұмыс дәптерімен жақсы жұмыс жасап, білімін жетілдіреді. Көптеген мұғалімдер өздігінен дайындаған материалдарды пайдаланады.

Олар шартты түрде үш түрге бөлінеді:

1) оқытушы жаңа ақпаратты алдын ала түсіндірместен бұрын оқушының өзіндік жұмысына арналған дидактикалық материалдар;

- оқулық мәтінін кестеге немесе жоспарға түрлендіру тапсырмасы жазылған карточка;

- суреттерді, диаграммаларды ауызша жауапқа айналдыру тапсырмасы бар карточка;

- өзін-өзі бақылау бақылау тапсырмасы бар карточка, көрнекі;

2) Білім мен дағдыны бекіту және қолдану мақсатында оқушының өзіндік жұмысына арналған дидактикалық материалдар;

- рефлексияға арналған сұрақ картасы;

- есептеу тапсырмалары бар карточка;

- сурет салу тапсырмалары бар карточка;

3) Білім мен дағдыны бақылау мақсатында оқушылардың өзіндік жұмысына арналған дидактикалық материалдар;

- дыбыссыз және видео жазба үлгісі бар карточка;

Оны бірнеше жолмен қолдануға болады. Бүкіл сынып үшін нұсқа және жеке тапсырмалар ретінде. Мұны ақпаратты қайталау және бекіту үшін жасауға болады.

- Тест тапсырмалары.

Оны жеке де, бүкіл сынып үшін де қолдануға болады. Соңғы уақытта тест тапсырмаларының тиімділігі арта түсті, бірақ олардың өзіндік кемшіліктері де бар. Кейде оқушылар тек жауапты болжауға тырысады.

4. Проблеманы көрсету әдісі – сабақта проблемалық жағдай туғызу. Оқушыларға фактілер мен фактілерді түсіндіру және осы проблемалық жағдайдан өз гипотезалары мен шешімдерін дәлелдеу үшін проблемалық тапсырма беру. Бұл әдіс оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамытуға, талдау, синтез, салыстыру, жалпылау және себеп-салдар байланысын орнатуға ықпал етеді. Проблемалық әдіс тақырыпқа сәйкес шешімді таңдау үшін қажет логикалық операцияларды қамтиды.

Бұл әдіс мыналарды қамтиды:


- проблемалық тақырыпты насихаттау,

- ғалымның тұжырымы негізінде проблемалық ситуация құру,

- мәселе бойынша қарама-қарсы көзқарастар негізінде проблемалық жағдай туғызу;

- проблемалық жағдайды тудыруға негіз болатын ол туралы тәжірибе немесе

коммуникацияны көрсету.



Сурет 1. Оқушылардың танымдық белсенділігінің құрылымы

Танымдық белсенділіктің пайда болу дәрежесі оқушының әртүрлі тапсырмаларды орындау кезіндегі өз бетімен жұмыс істеу қабілеті мен деңгейімен анықталады. Оны анықтау үшін біз келесі көрсеткіштерді қолдандық: тапсырманы өз бетінше орындай алатын; тапсырманы істеу үшін бағыт-бағдар беруді керек ететін; тапсырманы орындалуы кезінде үнемі көмек көрсетуді қажет ететін. 1-суретте көрсетілгендей оқушылардың танымдық белсенділігі, тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауы танымдық іс-әрекетке негізделген. Осы негізде оқушыларға танымдық тапсырмалар берілді. Тапсырманы орындау кезінде танымдық белсенділігі төмен оқушылар білімінің төмен екендігін көрсетті: олар меңгерілген материалдың негізгі мағынасын аша алмайды; тақырыптың логикалық байланысын таба алмайды. Бұл оқушылар заңдар мен ережелерді ресми түрде қолдана алмайды және алған білімдерін іс жүзінде қолдана алмайды. Химия пәнінде оқу-танымдық белсенділігінің орташа деңгейі бар студенттердің жалпы ережелерді меңгеру және қорыту қабілетінің біршама болуы мүмкін, бірақ пән мазмұнының негізгі мәнін аша алмайды. Олар үлгілік және стандартты тапсырмаларды мұғалімнің көмегінсіз біршама қиындықпен орындай алғанымен, шығармашылық тапсырмаларды құруға көп күш жұмсайды. Сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау үшін оқушыларға тұрақты көмек қажет. Зерттеу жұмыстары бойынша танымдық белсенділігі жоғары оқушылар химия сабағында күрделірек тапсырмаларды орындайды. Осыған байланысты оқушыларға берілетін тапсырмалар да әртүрлі болады. Мысалы: компьютерді пайдалана отырып орындалатын тапсырмалар, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жинағы оқушылардың танымдық қабілетін дамытудың ең тиімді жолы болып табылады.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Мен өз зерттеу жұмысымды Алматы қаласы бойынша білім бөлімінің «№53 орта мектебінде» ұйымдастырдым. Эксперименттік жұмыс үш кезеңнен құрылды: ұйымдастыру, қалыптастыру және бақылау.

Эксперимент жүргізу кезінде 9-сынып оқушыларын таңдап алып, олардың сабақтарына тыңғылықты қатысып, оқушылардың үлгерімімен, мұғалімнің сабақ жоспарымен таныстым.

Сабақ екі сыныпқа да көбінесе дәстүрлі түрде жүргізілетіндігін байқадым. Іс-тәжірибеден өту барысында 9 «А» және 9 «Ә» сыныптарына химия пәнінен сабақ жүргіздім. Менің мақсатым оқушыларға химия пәнінен танымдық тапсырмаларды орындату арқылы оқыту процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жүйесінің тиімділігін дәлелдейтін әдістемелік мүмкіндіктерді айқындау болды.

9 «Ә» сыныбын эксперимент сыныбы ретінде алдым. Ал, 9 «А» сыныбы бақылау сыныбы болды. Эксперимент жүргізбес бұрын 9-сынып оқушыларынан химия пәніне деген қызығушылығын анықтау үшін сауалнама жүргіздім. Қосымша (А). Жүргізілген сауалнама нәтижесі кестеде көрсетілген. Сауалнама нәтижесінде оқушыларды танымдық тапсырма түрлерін қолдану қызықтыратыны байқалды.

Эксперимент жұмысын жүргізу үшін алынған сыныптардағы оқушы саны бір-біріне жақын және білім сапалары деңгейлес болды. Эксперименттік сыныпта 24 оқушы, бақылау сыныбында да 24 оқушы болды. Зерттеу жұмысымды бастамас бұрын эксперименттік сынып пен бақылау сыныбы оқушыларының бастапқы білім деңгейін анықтап алдым. Сынып оқушыларынан өткен материалдар бойынша бақылау жұмысы алынды. Бақылау жұмысы «Галогендер» тақырыбы бойынша құрылды. Эксперименттік сынып бойынша бақылау жұмысын жоғары деңгейде төртеуі «5» бағасын, тоғызы «4» бағасын, ал он бір оқушы «3» бағасын алды. Бақылау сыныбында үш оқушы «5» бағасын, он оқушы «4» бағасын, он бір оқушы «3» бағасын алды. Бақылау сыныбында екілік баға болған жоқ. Экспериментке дейінгі оқушылардың деңгейі төмендегі 2-суретте берілген. Мен зерттеу жұмысымда оқушылардың химия пәнінен қызығушылығын көтеру мақсатымен 9 «Ә» сыныбында «Кремний және оның қосылыстары» тақырыбына оқушылардың таңдауы бойынша танымдық тапсырмаларды пайдаланып сабақ жүргізуді жөн көрдім. Зерттеу жұмысы аяқталғаннан соң осы тақырыптарды қамтып ТЖБ алдым. Танымдық тапсырмаларды пайдаланып жүргізілген сыныбымда «9.3А 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары» тарауы бойынша тест қорытындысы экспериментке дейінгі деңгейден жақсы көрсеткіш көрсетті. Яғни эксперименттен кейін 24 оқушының алтауы «5», он бес оқушы «4», үш оқушы «3» алды. Бақылау сыныбымда 24 оқушының үш оқушы «5», сегіз оқушы «4», он үш оқушы «3» алды. Танымдық тапсырмаларды қолданып сабақ жүргізілсе, оқушылардың білім деңгейі жоғарлап, оқушыларда сапалы білім мен саналы тәрбие қалыптасады. Себебі оқушылар өтілетін тақырып бойынша тек қана мектеп оқулығымен ғана шектеліп қоймай басқа да ақпарат көздерінен білімдерін толықтырып, жүйелі әрі тиянақты білім алады. Өткен материалдар бойынша алынған бақылау жұмысының қорытындысы 1-кестеде және 2-суретте берілген.

Кесте 1 – Экспериментке дейінгі білім деңгейі көрсеткіштері


Сыныптар	Білім деңгейі		
	«3»- баға (40-64%)	«4» -баға (65-84%)	«5»-баға (85-100%)
Эксперименттік	46%	37%	17%
Бақылау	46 %	42%	12 %

Осы кестеге қарай деңгейлерді сипаттаймыз:

Үштік баға бойынша, біздің зерттеуімізге алынған оқушылардың жалпы білім сапасы төмен, танымдық белсенділігі де төменгі дәрежені көрсетеді.

Төрттік баға бойынша танымдық белсенділігі орташа, педагогика бойынша алғашқы білімі болғанымен, ол бір жүйеге келмеген және берік тұрақты емес.

Бестік бойынша оқушылардың білімінің біршама дәрежеде жоғары екені байқалды.




Сурет 2. Экспериментке дейінгі оқушылардың білім деңгейі

Эксперименттен кейін екі сыныптан да тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) жұмысы алынды. Эксперименттік сынып пен бақылау сыныбының тест тапсырмаларынан кейінгі білім деңгейінің көрсеткіштері 2-кестеде және 3- суретте берілген.

Эксперимент нәтижелерін салыстыру математикалық-статистикалық әдістер бойынша жүргізілді. Эксперимент барысында оқушылардың химиядан білім деңгейін анықтауға бағытталған бақылау жұмысының сандық және сапалық талдауы жасалды. Алдымен оқу тапсырмаларын меңгеру коэффициенті  $Z = n/N$  формуласымен анықталды [9, 144б.]. Мұндағы, Z- эксперименттік және бақылау сыныптарының оқу материалын меңгеру коэффициенті; n- бақылау тапсырмаларын жақсы бағаға орындаған оқушы саны; N- сыныптағы барлық оқушылар саны.

Кесте 2 – Эксперименттен кейінгі білім деңгейі көрсеткіштері

Сыныптар	Білім деңгейі		
	«3»- баға (40-64%)	«4» -баға (65-84%)	«5»-баға (85-100%)
Эксперименттік	13%	62 %	25%
Бақылау	54 %	33%	13 %



Сурет 3. Эксперименттен кейінгі оқушылардың білім деңгейі


Оқу тапсырмаларын меңгеру коэффициентін есептеу әдісі қолданылды. 3-кесте мен 4-суретте Оқу тапсырмаларын меңгеру коэффициенті мына  $Z = n/N$  формуламен анықталды. Мұндағы,

Z- эксперименттік және бақылау сыныптарының оқу материалын меңгеру коэффициенті;  
n- бақылау тапсырмаларын жақсы бағаға орындаған оқушы саны;  
N- сыныптағы барлық оқушылар саны.

Кесте 3 – Оқушылардың оқу материалын меңгеру коэффициенті

Сыныптар	Жалпы оқушы саны	Бақылауды жақсы бағаға орындағандар	Оқу материалын меңгеру коэффициенті
Эксперименттік	24	21	87%
Бақылау	24	14	58%

## Оқушылардың оқу материалын меңгеру коэффициенті



Сурет 4. Оқушылардың оқу материалын меңгеру коэффициенті

Алынған мәліметтер эксперименттік топта білім деңгейі де, оқу материалын меңгеру деңгейі де бақылау сыныбына қарағанда жоғарылау екенін көрсетеді. Зерттеудің соңғы кезеңдеріндегі алынған нәтижелерді талдау барысында эксперименттен кейінгі көрсеткіштер мен экспериментке дейінгі көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде эксперимент жұмысы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға тиімді ықпал етті деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

Эксперимент мәнділігін анықтау үшін Стьюдент критерийін қолданамыз [10, 84 б.]. Стьюдент критерийін есептеу мақсатымен эксперименттік сыныптағы оқушылардың кіру бақылауында алған бағалары мен ТЖБ жұмысының бағаларының айырмашылығы алынды. Эксперимент қорытындылары 4-кестеде берілген, бізге алдын ала қажетті есептеулерді жүргізіп аламыз.

Кесте 4 – Эксперимент сыныбы оқушыларының бағаларының орташа ауытқу және ауытқу квадраттарының мәндері

№	Эксперимент сыныбы бағалары		Орташа мәннен ауытқу		Ауытқу квадраты	
	X	Y	$\Sigma(x_i - \bar{x})$	$\Sigma(y_i - \bar{y})$	$\Sigma(x_i - \bar{x})^2$	$\Sigma(y_i - \bar{y})^2$
Нұрбол	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Динара	3	5	0,9	-0,75	0,81	0,5625
Ерасыл	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Бейбарыс	4	4	-0,1	-0,25	0,01	0,0625
Алихан	4	4	-0,1	-0,25	0,01	0,0625
Арман	4	3	-0,1	1,25	0,01	1,5625
Ақмарал	4	4	-0,1	-0,25	0,01	0,0625
Әділ	5	4	-1,1	0,25	1,21	0,0625
Карим	4	5	-0,1	-0,75	0,01	0,5625
Жангир	4	5	-0,1	-0,75	0,01	0,5625
Балнұр	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Мадина	5	4	-1,1	0,25	1,21	0,0625
Дильназ	4	4	-0,1	-0,25	0,01	0,0625
Анель	5	5	-1,1	-0,75	1,21	0,5625
Әли	4	4	-0,1	-0,25	0,01	0,0625
Ержан	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Санжар	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Жігер	4	5	-0,1	-0,75	0,01	0,5625



Нұрай	5	5	-1,1	-0,75	1,21	0,5625
Дамир	3	3	0,9	1,25	0,81	1,5625
Амина	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Айсұлу	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Балжан	3	3	0,9	1,25	0,81	1,5625
Ермек	3	4	0,9	0,25	0,81	0,0625
Барлығы	86	99				
Орташасы	3,6	4,13				

Берілген кестеде эксперименттік сыныптағы оқушылардың кіру бақылауында алған бағаларының орташа арифметикалық ауытқу ( $\bar{X}$ ) шамасы (1) формула бойынша анықталған:

$$\bar{x} = \frac{\sum_{i=1}^n X_i(Y_i)}{n}, \quad (1)$$

мұндағы,  $\sum$  - қосынды белгісі;

$x_i (y_i)$  – әрбір өлшеудің мәндері;

$n$  – сыныптағы өлшеудің жалпы саны.

2 формулаға кестедегі мәндерін қойып, мына мәнді аламыз:

$$\bar{x} = \frac{5 \cdot 4 + 4 \cdot 9 + 3 \cdot 11}{24} = 3,6 \quad (2)$$

Оқушылардың «9.3А 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары» тарауына алынған ТЖБ жұмысының бағаларының орташа арифметикалық ауытқу ( $\bar{Y}$ ) шамасының мәні:

$$\bar{y} = \frac{6 \cdot 5 + 15 \cdot 4 + 3 \cdot 3}{24} = 4,13 \quad (3)$$

Орташа арифметикалық шамалар арасындағы абсолютті шама айырмасы тең, оның формуласы (4):

$$(\bar{X} - \bar{Y}) = 3,6 - 4,13 = -0,53 \quad (4)$$

Осы есептеулерден шыққан орташа арифметикалық шамаларды салыстыратын болсақ, эксперименттік сыныптағы оқушылардың кіру бақылауында алған бағаларының бұл шамасы ( $\bar{X} = 3,6$ ) «9.3А 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары» алынған бақылау жұмысының бағасының орташа арифметикалық шамасынан ( $\bar{Y} = 4,13$ ) артық. Бірақ та эксперименттік сынып оқушыларының білім деңгейі жоғарылады деп кесіп айта алмаймыз, сондықтан да есептелген орташа арифметикалық мәндер арасындағы статистикалық дәлділікті ( $t$ ) анықтаймыз.

Эксперименттік сыныпта алынған екі бақылау жұмыстарының арасындағы орташа квадраттық ауытқуының мәні (5) формуламен есептелді:

$$S_d = \sqrt{S_x^2 + S_y^2} = \sqrt{\frac{\sum(x_i - \bar{x})^2 + \sum(y_i - \bar{y})^2}{(n-1) \cdot n}} \quad (5)$$

мұндағы  $\Sigma$  - қосынды белгісі;

$x_i$  ( $y_i$ ) – әрбір өлшеудің мәндері;

$\bar{x}$  ( $\bar{y}$ ) – орташа арифметикалық мәндер. Алынған мәліметтерді (6) формула бойынша есептеледі:

$$S_d = \sqrt{\frac{\Sigma(x_i - \bar{x})^2 + \Sigma(y_i - \bar{y})^2}{(n-1) * n}} = \sqrt{\frac{13,84 + 15,75}{(24-1) * 24}} = \sqrt{0,054} = 0,232 \quad (6)$$

Сонда  $t_{эмп}$  (7) формула бойынша есептеледі:

$$t_{эмп} = \frac{|\bar{X} - \bar{Y}|}{S_d} \quad (7)$$

мұндағы  $t_{эмп}$  – Стьюдент критерийі;  
 $\bar{x}$  ( $\bar{y}$ ) – орташа арифметикалық мәндер;

$S_d$  – орташа квадраттық ауытқу.

$$T_{эмп} = \frac{0,53}{0,232} = 2,28 \quad (8)$$

Сұрыптау мәндерінің «еркіндік дәрежесі»  $f$  төмендегі (9) формуламен есептеледі:

$$f = n_1 + n_2 - 2 = 24 + 24 - 2 = 46 \quad (9)$$

Стьюдент критерийінің критериалды мәндері «Методы математической обработки данных психолого-педагогического исследования, учебное пособие для вузов» кітабынан алынған [22, 84б.]. Стьюдент критерийінің есептеліп алынған еркіндік дәрежесіне кіретін мәнділік деңгейінің сан мәндерін  $t_{кр}$  анықтаймыз:

1,67 мәні  $\alpha \leq 0,10$

2,01 мәні  $\alpha \leq 0,05$  тең болады

Бес пайыздық мәнділік деңгейінің сан мәні  $t_{кр} = 2,01$ . Ендеше  $2,28 > 2,01$  болған соң өткізген экспериментіміздің нәтижесі шындыққа жанасатынын көрдік. Стьюдент критерийінің эксперименттік мәні кестеде берілген сан мәндерден жоғары екенін көреміз. Осылайша, эксперименттік топ оқушылары жақсы нәтижелер көрсетті.

**Қорытынды.** Химияны жаңа технологияларды пайдалана отырып танымдық тапсырмаларды қолданып оқытуда сабақ өте қызықты болар еді. Танымдық тапсырманы пайдалана отырып өткізілген сабақтардың қызықты, тартымды, уақыт талабына сай болатыны тәжірибеде дәлелденді. Тәжірибе барысында оқушылардың назарын тақырыпқа аударып, түсініп, өзара талқылағанын байқадым. Соның нәтижесінде оқушылардың химиялық білімге деген қызығушылығын арттыру үшін жаңа ақпараттар, оқытудың интерактивті әдістері мен педагогикалық-психологиялық дайындықтары жетіспейтінін түсіндім. Сондықтан біз оқушылардың қатысуымен сабақта қолдануға болатын технологиялар мен әдістерді таңдадық. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін сабақтың формасы мен инновациялық әдіс-тәсілдер таңдалды. Химия сабағын заман талабына сай өткізуде оқушылардың белсенділігі айтарлықтай артты деуге болады. Оқу тапсырмаларының түрлерін қолдану арқылы өткізілген сабақтар өте қызықты және тартымды болды. Бақылау экспериментінде бақылау кезеңінде оқушылардың зейінін тақырыпқа аударып, түсініп, пікірталас жүргізгенін байқадым. Мониторинг нәтижесінде оқушылардың химиялық білімге деген қызығушылығын арттыратын жаңа ақпараттың, оқытудың интерактивті әдістерінің, педагогикалық-психологиялық дайындықтың жоқтығына көз жеткіздік.

Оқушылардың танымдық тапсырмаларды орындау нәтижесінде олардың бойында мынадай қасиеттер қалыптасты:

1. Өз бетінше ойлау қабілеті.
2. Оқуға деген ынта – қызығушылықты арттыру.
3. Өз ойының тәуелсіздігі.
4. Өз бетінше оқу.

Осы іс-шаралардың нәтижесінде менің ұсынысым келесідей:

1. Оқушылармен бірлесе оқу іс-әрекетін жүргізу.
2. Оқу іс-әрекетін оқушылардың жан-жақты дамуына бағыттау.
3. Балалардың терең білім алулары үшін өздері зерттеген оқу материалдары
4. Сабақта жаңа технологияларды кеңінен қолдану.

Қорыта айтқанда, қай адамды таңдасақ та, өз ұрпағын, елін сүю, еңбек ету, салт-дәстүрін сақтау, адамгершілік құндылықтарды орнықтыру абзал деп ойлаймыз. Сондықтан оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білім, білік дағдыларын дамытуда танымдық белсенділікті арттырудың әлеуметтік маңызы зор.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. А. Едігенова. Танымдық қызығу ерекшеліктері / Қазақстан мектебі: 2003 №10-48б.
2. Құрманалиев М.Қ., Рысқалиева А.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы, 2011. – 284 б.
3. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру/ Қ.Салпынова. Алматы, Бастауыш мектеп 2015, №7. – 27 б.
4. Мустафина Ф. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын қалыптастыру. Информатика негіздері, – 2005, №2. – 27-29 б.
5. Мәжсенақова М.С. Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде дамыту.п.ғ.к. дисс... автореф., Қарағанды: 2004.
6. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы.п.ғ.к. дисс... автореф., Алматы, – 2001.
7. Танымдық белсенділікті арттыру әдістері. Биология және салауаттылық негізі / А.Мустаяпова. – 2003, №6 16-17 б.
8. Оспанова М.Қ.. 9-сынып. Химия. Оқулық/2018 ж./ М.Қ. Оспанова, Қ.С. Аухадиева, Т.Г. Белоусова. – Мектеп баспасы, Алматы, – 2018 ж.
9. Беспалько В.П. Системно-методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса подготовки специалистов: Уч.-метод. пособие./ В.П. Беспалько, Ю.Г. Татур – Москва: Высшая школа, 1989. – 144 с.
10. Зыкова Н.Ю. Методы математической обработки данных психолого-педагогического исследования: Учебное пособие для вузов. / Н.Ю. Зыкова, О.С. Лапкина, О.С. Хлоповских - Воронеж: Изд-во ВГУ, – 2008. – 84 с.

#### *References:*

1. A. Edigenova. Tanymdyq qyzyǵu erekselikleri / Qazaqstan mektebi: 2003 №10 -48 b.
2. Qūrmanaliev M.Q., Ryskalieva A.Q. Himiany oqytudyñ qazırgı tehnologialary. Almaty, 2011. – P.284.
3. Oquşylardyñ tanymdyq qyzyǵuşylyǵyn qalyptastyru arqyly oqu belsendiligin arttyru/ Q.Salpynova. Almaty, Bastauyş mektep 2015, – №7. – P.27.
4. Mustafina F. Oquşylardyñ tanymdyq belsendiligi men izdenimpazdyǵyn qalyptastyru. Informatika negizderi-2005, №2. 27-29b.
5. Möjenaqova M.S. Mekteptiñ pedagogikalıq prosesinde oquşylardyñ tanymdyq qyzyǵuşylyǵyn ölketanu materialdary negizinde damytu.p.ğ.k. diss... avtoref Qaraǵandy 2004.
6. Toqsanbaeva N.Q. Oqytu procesi jüiesindegi tanymdyq is-äreketiñ qūrylymy.p.ğ.k. diss... avtoref., Almaty, – 2001.

7. *Tanyndyq belsendilikti arttyru ädisteri. Biologia jäne salauattylyq negizi / A.Mustaiapova. – 2003, –№6. –pp. 16-17..*

8. *Ospanova M.Q.. 9-synyp. Himia. Oqulyq/2018 j./ M.Q. Ospanova, Q.S. Auhadieva, T.G. Belousova. – Mektep baspasy, Almaty q. – 2018.*

9. *Bespälko V.P. Sistemno-metodicheskoe obespechenie uchebno-vospitatelnogo prosesa podgotovki specialistov: Uch.-metod. posobie./ V.P. Bespälko, İu.G. Tatur – M.: Vyssaia şkola, 1989. – P.144.*

10. *Zykova N.İu. Metody matematicheskoi obrabotki dannyh psihologo-pedagogicheskogo issledovaniya: Uchebnoe posobie dlä vuzov. / N.İu. Zyкова, O.S. Lapkova, O.S. Hlopovskih - Voronej: İzd-vo VGU, – 2008. –P. 84.*

УДК 372.854  
МРНТИ 31.01.45

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2023.78.4.007>

*Р.С. Мизамбай\*, А.Р. Нурахметова, Т.А. Айсарова*

*Қазақстанның миллионлық педагогикалық университетінің атына, г. Алматы, Қазақстан*

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПЛАТФОРМЫ WORDWALL В ИЗУЧЕНИИ ХИМИИ В ШКОЛЕ**

### *Аннотация*

Современный образовательный процесс невозможно представить без поиска более эффективных технологий, призванных содействовать развитию интеллектуальных способностей обучающихся. Актуальность использования цифровых образовательных ресурсов на уроках химии связана с важной задачей, стоящей перед современными учителями химии в школах – повышением эффективности образовательного процесса для успешного усвоения знаний учащимися. Применение компьютерных технологий на уроках химии способствует повышению познавательного интереса, развитию желания и умения учиться. Инновационные методы не только повышают мотивацию учащихся к обучению, но и облегчают учебный процесс, дают возможность осуществлять индивидуальный подход в обучении и позволяют объективно оценивать знания обучающихся.

В данной статье рассматривается вопрос эффективности применения цифровых технологий в изучении химии в 9 классах. Для педагогического эксперимента в школе была изучена и использована платформа Wordwall для различных типов урока. Чтобы повысить и поддержать мотивацию учащихся в изучении химии, были разработаны и апробированы различные задания в ходе таких этапов урока, как актуализация и закрепление знаний. На основании данного эксперимента был проведен опрос в виде анкетирования и сделан анализ для выявления эффективности и отношения учащихся к применению платформы Wordwall во время учебных занятий.

**Ключевые слова:** химия, школа, образование, платформа, цифровые технологии, обучение, инновационные методы

*Р.С. Мизамбай\*, А.Р. Нурахметова, Т.А. Айсарова*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА WORDWALL ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

### *Аңдатпа*

Қазіргі білім беру процесін білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға жәрдемдесуге арналған неғұрлым тиімді технологияларды іздеусіз елестету мүмкін емес. Химия сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың өзектілігі мектептердегі қазіргі

химия мұғалімдерінің алдында тұрған маңызды міндетпен – оқушылардың білімді сәтті игеруі үшін білім беру процесінің тиімділігін арттырумен байланысты. Химия сабақтарында компьютерлік технологияларды қолдану танымдық қызығушылықты арттыруға, оқуға деген құштарлық пен дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Инновациялық әдістер оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып қана қоймай, оқу процесін жеңілдетеді, оқытуда жеке көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді және білім алушылардың білімін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада 9-сыныптарда химияны зерттеуде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Педагогикалық эксперимент кезінде Wordwall платформасы мектепте сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылды. Оқушылардың химияны оқуға деген ынтасын арттыру және қолдау үшін сабақтың өзектендіру және бекіту сияқты кезеңдері барысында әртүрлі тапсырмалар әзірленіп, сыналды. Осы эксперимент негізінде сауалнама жүргізілді және оқу сабақтары кезінде оқушылардың Wordwall платформасын қолданудағы тиімділігі мен көзқарасын анықтау үшін талдау жасалды.

**Түйін сөздер:** химия, мектеп, білім, платформа, цифрлық технологиялар, оқыту, инновациялық әдістер.

*R.Mizambay \*, A.Nurakhmetova, T.Aisarova*

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **THE EFFECTIVENESS OF THE WORDWALL PLATFORM IN THE STUDY OF CHEMISTRY AT SCHOOL**

### *Abstract*

